



кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының жеке және мемлекеттік емес заңды тұлғалары, шетел немесе азаматтығы жоқ адамдар;

6) кәсіпкерлік қызметтің инфрақұрылымы - өз ісін ұйымдастыруға жәрдемдесуді, құқық, маркетинг, инжиниринг және менеджмент саласындағы ақпаратпен қамтамасыз етуді, коммерциялық негізде материалдық-техникалық қаржылық және басқада ресурстармен қамтамасыз етуде қолдауды қоса алғанда, жеке кәсіпкерлік қызметтің жұмыс істеуі мен дамуының жалпы шарттарын қамтамасыз ететін құрылатын немесе жұмыс істеп тұрған ұйымдардың кешені;

7) коммерциялық құпия - жеке кәсіпкерлік субъектісі айқындайтын, жариялануы (берілуі, жылыстауы) оның мүдделеріне залал келтіруі мүмкін еркін қол жеткізуге пайдаланушылардың шектеулі тобы ие болатын мәлімет;

8) кәсіпкерлер бірлестігі - жеке кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің құқықтарын, заңды мүдделерін қорғау үшін құрылатын коммерциялық емес ұйымдардың дербес ұйымдық - құқықтық нысаны;

9) индустриалды аймақ - мемлекеттің шағын кәсіпкерлік субъектілеріне өнеркәсіп объектілерін Қазақстан Республикасының жер Кодексімен және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерімен белгіленген тәртіпте орналастыру және пайдалану үшін ұсынатын коммуникациялармен қамтамасыз етілген ауыл шаруашылығы үшін тағайындалмаған жер;

10) жеке кәсіпкерлік қызмет субъектілері (жеке кәсіпкерлік субъектілері) - кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының жеке және мемлекеттік емес заңды тұлғалары, шетел немесе азаматтығы жоқ адамдар;

11) кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті орган - жеке кәсіпкерлікті дамытудың мемлекеттік саясаты мен жеке кәсіпкерлікті дамыту және қолдау бойынша мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдарды үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы о р г а н ;

12) жеке кәсіпкерлік - жеке немесе мемлекеттік емес заңды тұлғалардың табыс табуға бағытталған, жеке немесе мемлекеттік емес заңды тұлғалардың өз меншіктілігіне негізделген және жеке тұлғалар немесе мемлекеттік емес заңды тұлғалардың атынан олардың тәуекелі мен мүлктік жауапкершілігінде жүзеге асырылатын бастамалық қызметі;

13) шағын кәсіпкерлікті қолдау орталығы - оқытуды, ақпараттық қамтамасыз етуді, консультациялық және маркетингтік қызметтерді, шағын кәсіпкерлік субъектілерінің жобаларын құқықтық, экономикалық және технологиялық сараптауды жүзеге асыратын заңды тұлға;

14) кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі сараптамалық кеңес - сараптама жүргізу үшін нормативтік құқықтық актілер жобаларының кәсіпкерлік құрылымдар қызметіне ықпал ететін орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар құратын кеңес.

## **2-бап. Қазақстан Республикасының жеке кәсіпкерлік туралы заңнамасы**

Жеке кәсіпкерлік туралы заңнама Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және Азаматтық кодекстен, осы Заң мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарда осы Заңнамада көзделгендерден өзге ережелер белгіленген болса, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

## **3-бап. Заңның қолданылу аясы**

1. Осы Заң Қазақстан Республикасының аумағында қолданылады және барлық жеке кәсіпкерлік қызмет субъектілеріне таратылады.

2. Жеке кәсіпкерлік қызметтің жекелеген түрлерін жүзеге асырудың ерекшеліктері Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес белгіленеді.

## **4-бап. Жеке кәсіпкерлік қызметті құқықтық реттеу шектері**

1. Жеке кәсіпкерлік қызмет тек Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес негіздер бойынша және сот шешімінің негізінде ғана шектелуі мүмкін.

2. Жеке кәсіпкерлік қызметті шектеу Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес мемлекеттің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша ғана орын алуы мүмкін.

3. Мемлекеттік органдардың жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жекелей алғандағы артықшылықты ережесін белгілейтін нормативтік құқықтық актілерді қабылдауына тыйым салынады.

## **5-бап. Жеке кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік реттеудің негізгі мақсаты мен қағидаттары**

1. Жеке кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік реттеудің негізгі мақсаты бірінші жағынан жеке кәсіпкерлік қызметті дамыту үшін қолайлы жағдай жасау және екінші жағынан жеке кәсіпкерлік қызметтің әкімшіліктендіруін енгізу жолымен мемлекет мүддесін және тұтынушылар құқығын қорғау болып табылады.

2. Жеке кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік реттеу негізгі қағидаттары: жеке кәсіпкерлік қызметтің еркіндігіне кепілдік беру және оны қорғау мен қолдауды қамтамасыз ету;  
кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға барлық жеке кәсіпкерлік субъектілерінің

т е н д і г і ;

Қазақстан Республикасындағы шағын кәсіпкерлікті дамытудың басымдығы;

Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жеке кәсіпкерлік мүдделерін қозғайтын нормативтік құқықтық актілердің жобаларын сараптауға қатысу болып табылады.

### **6-бап. Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерді әзірлеудің және қабылдаудың ерекшеліктері**

1. Орталық және жергілікті атқарушы органдар жеке кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін қозғайтын құқықтық актілердің жобаларын осы Заңның 26-бабына сәйкес құрылатын кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі аккредиттелген сараптамалық кеңестер арқылы кәсіпкерлер бірлестіктеріне қарауға жібереді.

2. Жеке кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің мүдделерін қозғайтын нормативтік құқықтық актілер жобаларына әзірлеуші міндетті түрде олардың жеке кәсіпкерлік субъектілерінің экономикасына әсерін бағалауды қоса береді.

Нормативтік құқықтық актілерінің жеке кәсіпкерлік субъектілерінің экономикасына әсер етуді бағалау жүргізудің тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі а й қ ы н д а й д ы .

3. Жеке кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің мүдделерін қозғайтын нормативтік құқықтық актілердің қолданысқа енгізілу күні жеке кәсіпкерлік субъектісіне Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленуімен байланысты қызметті жүзеге асыруға дайындау үшін қажетті мерзімдерге орай белгіленуі тиіс.

Нормативтік құқықтық актілердің қолданысқа енгізілу тәртібі мен мерзімдері жеке кәсіпкерлік субъектілеріне залал келтірмеуі тиіс.

4. Осы бапта көзделген рәсімдер жеке кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің мүдделерін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерді қабылдаудың міндетті шарты б о л ы п т а б ы л а д ы .

5. Уәкілетті орган кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі сараптамалық кеңестің қорытындысымен келіскен кезде нормативтік құқықтық актінің жобасына тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі.

6. Уәкілетті орган кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі сараптамалық кеңестің қорытындысымен келіспеген кезде оны сараптамалық кеңестің барлық мүшелеріне мәлімет үшін жеткізу үшін дәлелденген бас тарту беріледі.

## **2-тарау. ЖЕКЕ КӘСПКЕРЛІК ҚЫЗМЕТ СУБЪЕКТІЛЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ЖҰМЫС ІСТЕУ ШАРТТАРЫ**

## 7-бап. Жеке кәсіпкерлік қызмет субъектілері

1. Заңды тұлға болып табылатын жеке кәсіпкерлік субъектілері, Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына көзделген нысанда ғана құрыла алады.

2. Жеке кәсіпкерлік қызмет субъектілері мыналарға:  
шағын кәсіпкерлік субъектілеріне;  
орта кәсіпкерлік субъектілеріне;  
ірі кәсіпкерлік субъектілеріне жатқызылуы мүмкін.

3. Қызметкерлердің орташа жылдық саны 50 адамнан аспайтын жеке дара кәсіпкерлер, қызметкерлердің орташа жылдық саны 50 адамнан аспайтын және орташа жылдық активтердің құны жылына алпыс мың мәртелік айлық есептік көрсеткіштен аспайтын заңды тұлғалар шағын кәсіпкерлік субъектілері болып табылады.

4. Мыналарды :

есірткілік, психотроптық заттардың және прекурсорлардың айналымымен  
байланысты қызметті;

акциздік өнімдерді өндіруді және (немесе) көтере сатуды;  
лотереялар жүргізуді;

ойын-сауық және шоу-бизнес саласындағы қызметті;  
аккредиттеу, сертификаттау, метрология және сапаны басқару саласындағы  
қызметті;

мұнай, мұнай өнімдерін, газ, электр және жылу энергиясын өндіру, қайта өңдеу  
және өткізу бойынша қызметті;

радиоактивтік материалдардың айналымымен байланысты қызметті;  
банктік қызметті (не оның жекелеген түрін) және сақтандыру рыногындағы  
қызметті (сақтандыру агентінің қызметінен басқа);  
аудиторлық қызметті;

бағалы қағаздар рыногындағы кәсіби қызметті жүзеге асыратын жеке дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар шағын кәсіпкерлік субъектілері бола алмайды.

5. Шағын кәсіпкерлік субъектілері қызметкерлерінің орташа жылдық саны барлық қызметкерлердің, оның ішінде жеке еңбек шартымен жұмыс жасайтындарды, филиалдардың, өкілдіктердің және осы субъектінің оқшауландырылған басқа да бөлімшелері қызметкерлерін ескере отырып айқындалады.

6. Осы баптың 3-тармағымен белгіленген шарттардың бірі асып кеткен жағдайда шағын кәсіпкерлік субъектілеріне Қазақстан Республикасының заңнамасында шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін көзделген жеңілдіктер қолданылмайды.

7. Қызметкерлердің орта жылдық саны 50 адамнан аспайтын заңды тұлға құрмайтын жеке кәсіпкерлер және қызметкерлерінің орташа жылдық саны 50-ден астам, бірақ 250 адамнан аспайтын және активтердің орташа жылдық құны жылына үш жүз жиырма бес мың мәрте айлық есептік көрсеткіштен аспайтын заңды тұлғалар орта

кәсіпкерлік субъектілері болып табылады.

8. Қызметкерлерінің орташа жылдық саны 250 адамнан астам немесе активтердің орташа жылдық құны жылына үш жүз жиырма бес мың мәрте айлық есептік көрсеткіштен астам жеке кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғалар ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылады.

### **8-бап. Жеке дара кәсіпкерлік түрлері**

1. Жеке дара кәсіпкерлік дербес немесе бірлескен кәсіпкерлік түрінде жүзеге асырылады.

2. Дербес кәсіпкерлікті бір жеке адам оған меншіктілік құқығында тиесілі, сондай-ақ өзге құқық күшінде мүлікті пайдалануға және (немесе) иелік етуге рұқсат етілетін мүлік негізінде дербес жүзеге асырады.

Некеде тұрған жеке адам дербес кәсіпкерлікті басқа жұбайын көрсетпей-ақ кәсіпкер ретінде жүзеге асырған кезде кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға жұбайының келісімі талап етілмейді.

Дербес кәсіпкерлікті жүзеге асыру үшін жеке адам жұбайлардың ортақ мүлігін пайдаланған жағдайларда, мұндай пайдалануға, егер заңнамалық актілерде немесе неке шартында, не жұбайлар арасындағы келісіммен өзгесі көзделмеген болса екінші жұбайдың келісімі қажет.

3. Бірлескен кәсіпкерлікті азаматтар тобы (жеке дара кәсіпкерлердің) оларға ортақ меншік құқығында, сондай-ақ мүлікті бірлесіп пайдалануға және (немесе) иелік етуге рұқсат ететін өзге құқық күшінде мүлік негізінде жүзеге асырады.

Бірлескен жеке дара кәсіпкерлік кезінде жеке кәсіпкерлік қызметпен байланысты барлық мәмілелер жасалады, ал құқықтар мен міндеттер бірлескен кәсіпкерліктің барлық қатысушыларының атынан алынады және жүзеге асырылады.

4. Бірлескен кәсіпкерліктің нысандары мыналар болып табылады:

1) жұбайлардың ортақ бірлескен меншігінің негізінде жүзеге асырылатын жұбайлардың кәсіпкерлігі;

2) шаруа (фермерлік) қожалығының ортақ бірлескен меншігінің немесе жекешелендірілген тұрғын үйге ортақ бірлескен меншігінің негізінде жүзеге асырылатын отбасылық кәсіпкерлік;

3) жеке кәсіпкерлік қызмет жалпы үлестік меншік негізінде жүзеге асырылатын жай серіктестік.

5. Жұбайлардың жеке кәсіпкерлікті жүзеге асыру кезінде іскерлік айналымда жұбайлардың атынан жұбайлардың бірі екіншісінің жеке дара кәсіпкерлікті тіркеу кезінде расталуы мүмкін немесе жеке дара кәсіпкердің қызметі мемлекеттік тіркеусіз жүзеге асырылатын жағдайда жазбаша білдірілетін және нотариалды куәландырылатын келісімімен өтінім білдіре алады.

Жұбайлардың бірінің екіншісінің іскерлік айналымына олардың атынан түсуіне келісімі болмағанда іскерлік айналымға түсетін жұбайлардың бірі кәсіпкерлік қызметті дербес кәсіпкерлік түрінде жүзеге асырады.

6. Жай серіктестік нысанын пайдаланатын жеке дара кәсіпкерлік Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес жүзеге асырады.

7. Жеке дара кәсіпкерлер өз міндеттемелері бойынша өздерінің барлық, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес алып қою қатысты болмайтын мүліктен басқа, мүліктерімен жауапты болады.

8. Жеке адам дербес кәсіпкерлікті жүзеге асырған кезде оған меншік құқығында, оның ішінде жұбайлардың ортақ мүлігінің үлесінде тиесілі барлық мүлігімен жауапты болады.

Жеке адам кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырған кезде жұбайлардың ортақ мүлігін пайдаланса, оның қарыздары бойынша өтеу жұбайлардың жалпы мүлігіне де қатысты болуы мүмкін.

Жеке кәсіпкер болып табылмайтын жұбайлардың әрқайсысының мүлігі дербес кәсіпкерлікті жүзеге асыратын келесі жұбайдың қарыздары бойынша өтеуге берілетін зат ретінде бола алмайды.

9. Жұбайлар жеке кәсіпкерлікті жүзеге асыру кезінде жеке кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырумен байланысты жұбайлардың қарыздары бойынша өтеу олардың қайсысы іскерлік айналымға түскендігіне қарамастан жұбайлардың ортақ мүлігіне қатысты болуы мүмкін.

10. Жеке дара кәсіпкер өз қызметін жүзеге асыру кезінде іскерлік құжаттаманың бланкілерін, мөрді, мөртаңбаларды пайдалануға құқылы.

## **9-бап. Жеке кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің құқықтары мен міндеттері**

### **1. Жеке кәсіпкерлік субъектілері:**

1) егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде өзге көзделмеген болса, жеке кәсіпкерлік қызметтің кез келген түрін жүзеге асыруға;

2) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес жалдамалы еңбекті пайдалану арқылы жеке кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға;

3) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте филиалдар, өкілдіктер, ұйымдар құруға;

4) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген жағдайларды қоспағанда, өндірілетін тауарларға, жұмыстарға, қызметтерге дербес баға белгілеуге;

5) жеке кәсіпкерлік субъектілеріне қайтарулы негізде қаражаттар (қарыздар) беруге;

б) өзінің құқықтық қабілеті шегінде сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асыруға

;

- 7) кәсіпкерлер бірлестіктерін құруға;
- 8) кәсіпкерлер бірлестіктері арқылы кәсіпкерлік мәселелер жөніндегі сараптама кеңестердің жұмысына қатысуға;
- 9) жеке кәсіпкерлер құқықтарының бұзылуына кінәлі тұлғаларды жауапқа тарту мәселелері бойынша; құқық қорғау және бақылау органдарына жүгінуге;
- 10) өз құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін сот органдарына жүгінуге;
- 11) жеке кәсіпкерлікті қолдау және қорғау мәселелері жөніндегі нормативтік құқықтық актілердің орындалмауына немесе тиісті емес орындалуына ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою туралы ұсыныстарды мемлекеттік органдардың қарауына енгізуге құқылы.

## 2. Жеке кәсіпкерлік қызметтің субъектілері:

- 1) Қазақстан Республикасының заңнамасын, жеке және заңды тұлғалар мен мемлекеттің заңмен қорғалатын құқықтары мен мүдделерін сақтауға;
- 2) өндірілетін өнімнің (жұмыстардың, қызметтердің) Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етуге;
- 3) лицензиялануға жататын қызмет түрлерін жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лицензиялар алуға;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес азаматтық-құқықтық жауапкершілікті міндетті сақтандыруды жүзеге асыруға міндетті.

## **10-бап. Теріс пиғылды бәсекенің жүзеге асырылуына жол бермеу**

Басқа жеке кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген еркін бәсекеге құқықтарын бұзу жолымен бәсекелестікті шектеуге немесе жоюға бағытталған жеке кәсіпкерлік субъектілерінің әрекетіне (әрекетсіздігіне), оның ішінде:

бір саланың жеке кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің бағалар, сату шарттары, өткізу рыноктары, өндіру және өткізу көлемдері туралы келісілген әрекеттеріне; кәсіпкердің өндірушіге немесе тауарды (жұмыстарды, қызметтерді) сатушыға қатысты тұтынушыны адастыратын немесе адастыруы мүмкін бөгде тауар белгісін, қызмет көрсету белгісін және (немесе) өзге коммерциялық белгілеуді заңсыз пайдалануға;

жеке кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің іскерлік беделін кемсітуге жол берілмейді.

## **11-бап. Ішкі рынокты қорғау**

Ішкі рынокты қорғау Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес тарифтік және тарифтік емес реттеу шараларымен жүзеге асырылады.

## 12-бап. Жеке кәсіпкерлік субъектісі туралы ақпаратты қорғау

1. Коммерциялық құпияны қорғау ақпаратты айқындалған немесе айқындалмаған тұлғалар шеңберінде қабылдауға қол жетімді кез келген нысанда жариялауға не таратуға тыйым салу, сондай-ақ мұндай ақпаратты басқа тұлғаларға беруге тыйым салу  
б о л ы п т а б ы л а д ы .

2. Жеке кәсіпкерлік субъектісі коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратқа еркін енуге құқығы бар адамдар тобын айқындайды және оның құпиялылығын қорғауға  
ш а р а л а р қ а б ы л д а й д ы .

3. Жеке кәсіпкерлік субъектісі ақпаратты ену санатына жатқызу тәртібін коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратты сақтау және пайдалану шарттарын  
а й қ ы н д а й д ы .

4. Коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратты заңсыз әдіспен алған адамдар, сондай-ақ олар жасасқан жеке еңбек шартын бұзған қызметкерлер немесе азаматтық-құқықтық шартқа қарамай коммерциялық құпияны жариялаған басқа да адамдар  
келтірілген залалды өтеуге міндетті.

5. Кәсіпкерлік қызметтің субъектісі немесе ол өкілеттік берген тұлға өз қызметкерлерінен коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратты жарияламау туралы қол қоюын, ал оған тексеруді жүзеге асыратын адам Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілік туралы ескертуі құқылы.

6. Міндетті жариялауға жататын не акционерлерге, шаруашылық серіктестіктің мүшелеріне (қатысушыларына) немесе өзге белгілі бір тұлғалар топтарына міндетті хабарлауға жататын ақпараттардың тізбесі жеке кәсіпкерлік субъектісінің құрылтайшылық  
құжаттарымен белгіленеді.

7. Жеке кәсіпкерлік қызметтің субъектісі мемлекеттік органдарға және лауазымды тұлғаларға тіркеу, бақылау функцияларын орындау кезінде және басқа да әрекеттерді жасау кезінде, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен белгіленген оларға жүктелген функцияларды іске асыруға қажеттілерін қоспағанда коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратқа рұқсат бермеуге құқылы.

Мемлекеттік орган кез келген, оның ішінде алу құқығы оның қызметін реттейтін заңнамалық актілермен көзделген коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратқа енуге  
қ ұ қ ы л ы .

8. Мемлекеттік органның өзіне жүктелген функцияларды іске асыру кезінде алған жеке кәсіпкерлік субъектісі туралы кез келген ақпарат Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес ақпаратты екінші мемлекеттік органға беруі жағдайын қоспағанда,  
ж а р и я л а н у ғ а ж а т п а й д ы .

9. Құқық қорғау органдары жеке кәсіпкерлік субъектісінен де, мұндай ақпаратқа ие

мемлекеттік органдардан да прокурордың санкциясының, тергеу органдарының қылмыстық іс қозғау туралы қаулысының негізінде не сот қаулысының негізінде коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратты сұратуға және алуға құқылы.

10. Сот шешімі заңды күшіне енген ақпаратты қоспағанда, коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпарат тек жеке кәсіпкерлік қызмет субъектісінің келісімімен жарым етілуі мүмкін.

11. Нақты жеке кәсіпкерлік субъектісінің қызметі туралы мәліметті ашпайтын жинап, қорытылған ақпарат жалпыға қол жетімді болып табылады.

### **13-бап. Статистикалық есептілік**

Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің статистикалық есептілігі Қазақстан Республикасының мемлекеттік статистика саласындағы нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес ұсынылады.

Мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасының мемлекеттік статистика саласындағы нормативтік құқықтық актілерінде көзделмеген мәліметтерді талап етуге құқылы емес.

Статистикалық есептілік мәліметтерінің құрамы Қазақстан Республикасының мемлекеттік статистикасы саласындағы нормативтік құқықтық актілермен айқындалады.

### **14-бап. Шағын кәсіпкерлік субъектілерінің бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау тәртібі**

1. Шағын кәсіпкерлік субъектілерінің бухгалтерлік есебін және қаржылық есептілікті құрауын осы Заңның 27-бабына сәйкес міндетті мемлекеттік тіркеуге жатпайтын жеке дара кәсіпкерлерді қоспағанда, субъектілер Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасымен айқындалатын тәртіпте жүзеге асырады.

2. Шағын кәсіпкерлік субъектілері Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес бухгалтерлік есепті жүргізудің және қаржылық есептілікті жасаудың оңайландырылған нысанын қолдануға құқылы.

## **3-тарау. МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРДЫҢ ЖЕКЕ КӘСПКЕРЛІКТІ ДАМУЫ ЖӘНЕ ҚОЛДАУ САЛАСЫНДАҒЫ ҚҰЗЫРЕТІ**

### **15-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыреті**

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

- 1) жеке кәсіпкерлікті қолдау және дамыту саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлейді;
- 2) жеке кәсіпкерлікті қолдаудың мемлекеттік жүйесін қалыптастырады;
- 3) жеке кәсіпкерлік мәселелері бойынша консультациялық-кеңесу органдарын құрады;
- 4) мемлекеттік органдар әзірлеген жеке кәсіпкерліктің мүдделерін қозғайтын нормативтік құқықтық актілердің жобаларын кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі сараптамалық кеңестің қарауын ұйымдастырады;
- 5) нормативтік құқықтық актілердің жеке кәсіпкерлік субъектілерінің экономикасына әсер етуіне бағалау жүргізу тәртібін айқындайды;
- 6) мемлекеттік мұқтаждықтар үшін шағын кәсіпкерлік субъектілерінен сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің номенклатурасын және олардың көлемін (пайыздық көріністегі) бекітеді;
- 7) шағын кәсіпкерлікті дамытуды ынталандырады және мемлекет тарапынан шағын кәсіпкерлік субъектілеріне қаржылық қолдау көрсету үшін арнайы қорлар құрады;
- 8) шағын кәсіпкерлік субъектілеріне өндірістік қызметте ұйымдастыруға және халыққа қызмет көрсетулер саласын дамыту үшін жалға немесе сенімді басқаруға берілген объектілерді меншікке қайтарусыз берудің тәртібін айқындайды;
- 9) кәсіпкерлер бірлестіктерін аккредиттеу тәртібін айқындайды;
- 10) бәсекеге қабілетті саланы құру және жетілдіруді, жеке кәсіпкерлік субъектілерін дамытуды және олар шығаратын өнім сапасын жоғарлатуды ынталандыратын мемлекеттік саясатты қалыптастырады;
- 11) жеке кәсіпкерлікті, ішкі бәсекелестік дамытуға ықпал ететін және инновацияларға, материалдық активтерге және ұзақ мерзімді инвестицияларға салымдарды ынталандыратын заңнаманы әзірлейді және жетілдіреді;
- 12) жеке салаларды, салалардың сегменттерін білдіреді және (немесе) мемлекет үшін стратегиялық мүддені білдіретін жекелеген жеке кәсіпкерлік субъектілерінің маңында кластерлерді құру ынталандырады;
- 13) экономика салаларының жай-күйіне талдау жүргізеді және жұмыс істеп тұрған және жаңадан құрылатын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің өсуі мен жетілуі үшін кедергілерді жояды;
- 14) инвестицияларды ұлғайту және Қазақстан Республикасының экономикасына инновацияларды енгізуді жеделдету мақсатында даму институттарын құрады;
- 15) жекелеген салаларды бір мезгілде бұл салалардағы жеке кәсіпкерлік субъектілерінің арасында қатал бәсекелестікті ұйымдастыра отырып, тарифтік және тарифтік емес әдістермен қысқа мерзімді қорғауды жүзеге асырады;
- 16) ұлттық экспорттаушыларға қатысты басқа елдер орнатқан кедергілерді жоюға шаралар қабылдайды;

17) келісілген бірлескен экспорттық саясатты жүргізуге жеке кәсіпкерлік субъектілерін ынталандырады;

18) жеке кәсіпкерлік субъектілеріне ішкі және сыртқы рыноктардың жай-күйі туралы экономикалық ақпарат ұсынуды ұйымдастырады;

19) жеке кәсіпкерлік субъектілерінің сапа менеджментінің халықаралық жүйесін енгізуін ынталандыру жолымен ішкі сұранысқа жағдай жасайды;

20) басқа елдердің аумағында ұлттық экспорттаушылардың мүдделерін қорғау жолымен сыртқы сұранысқа жағдай жасайды;

21) жеке кәсіпкерлік субъектілердің қызметшілеріне көтермелейді, кәсіпкерлер және жұмыс берушілердің бірлестіктерімен өзара әрекет етеді;

22) шағын кәсіпкерлік салалары мен субъектілерінің әлемдік деңгейде бәсеке қабілетін құру мақсатында шағын кәсіпкерліктің жекелеген салалары мен субъектілерін қолдау бағдарламаларын бекітеді;

23) бюджет қаражаты есебінен ғылыми-зерттеу саланың немесе кластерлердің проблемаларын шешу үшін академиялық ғылымды қаржыландыруды күшейтеді;

24) республиканың білімдерге негізделген экономикасы үшін жоғары білікті кадрларды даярлау жөніндегі арнайы бағдарламаларды іске асырады;

25) халықтың әлеуметтік қорғалмаған жігін жеке кәсіпкерлік қызметке тарту жөніндегі шараларды әзірлейді.

## **16-бап. Уәкілетті органның құзыреті**

Кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті орган:

1) жеке кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың мемлекеттік саясатын жүргізуді жүзеге асырады;

2) жеке кәсіпкерлікті дамытудың мемлекеттік бағдарламаларын әзірлейді;

3) шағын кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың мемлекеттік шараларының орындалуын ұйымдастырады және үйлестіреді;

4) жеке кәсіпкерлік субъектілерін қаржыландыру және оларға кредит беру жөніндегі шараларды жетілдіру туралы ұсыныстар әзірлейді;

5) кәсіпкерлік ортаның, инвестициялық ахуалдың және жеке кәсіпкерлікті дамытудың инфрақұрылымына талдау жүргізеді;

6) жеке кәсіпкерлік олардың қызметінің барлық саласындағы зерттеулерін жүргізуді ұйымдастырады;

7) жеке кәсіпкерлікті, оның ішінде шағын кәсіпкерлікті қолдау мен дамытуды қамтамасыз ететін нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді және Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсынады;

8) республиканың өңірлерінде шағын кәсіпкерлік инфрақұрылымдарын қалыптастыру мен дамытуға ықпал жасайды;

- 9) шағын кәсіпкерлік саласындағы кадрларды даярлау, қайта даярлау және біліктіліктерін арттыру жүйесін қалыптастыру жөніндегі ұсыныстарды әзірлейді;
- 10) жеке кәсіпкерлердің құқықтарын қорғауға бағытталған заңнаманың сақталуын бақылауды жүзеге асырады;
- 11) жеке кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі орталық және жергілікті атқарушы органдарды ведомствоаралық үйлестіруді жүзеге асырады;
- 12) мемлекеттік пен жергілікті атқарушы органдар жанындағы кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі сараптамалық кеңестердің қызметін үйлестіреді;
- 13) шағын кәсіпкерліктің инновациялық, инвестициялық және индустриялық дамудың мемлекеттік бағдарламаларын іске асыруға қатысуы үшін жағдай жасайды;
- 14) грант беруші халықаралық ұйымдардың инвесторларына жеке кәсіпкерлікті қолдау және дамыту мәселелерінде жағдай жасайды;
- 15) жеке кәсіпкерлік субъектілеріне әдіснамалық көмек ұйымдастырады;
- 16) тауарлар мен қызметтердің халықаралық рыногына жеке кәсіпкерліктің шығуы үшін жағдай жасайды;
- 17) жеке кәсіпкерлікті дамыту саласындағы халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады;
- 18) жеке кәсіпкерлікті дамыту мен қолдау жөніндегі мемлекеттік саясатты насихаттайды;
- 19) Қазақстан Республикасы Президентіне және Үкіметіне Мемлекеттік органдар мен олардың лауазымды тұлғалары жол берген шағын кәсіпкерлік субъектілерінің қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылықтар туралы хабарлайды.

### **17-бап. Жергілікті өкілетті органдардың құзыреті**

Қазақстан Республикасының жергілікті өкілетті органдары:

- 1) жеке кәсіпкерлікті қолдау мен дамытуға арналған жергілікті бюджеттердің шығыстарын бекітеді;
- 2) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген құзыреттілік шеңберлерінде шағын кәсіпкерлікті қолдау мен дамыту саласындағы жергілікті атқарушы органдардың есептерін тыңдайды.

### **18-бап. Жергілікті атқарушы органдардың құзыреті**

Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдары:

- 1) кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың мемлекеттік саясатын іске асыруды жүзеге асырады;
- 2) жеке кәсіпкерлікті дамыту үшін жағдайлар жасайды;
- 3) өңірлерде мемлекеттік бағдарламаларды сапалы іске асыру мен орындауды

қамтамасыз етеді және жауапты болады;

4) шағын кәсіпкерлікті қолдаудың өңірлік бағдарламаларын және оларды қаржылық қамтамасыз етуді әзірлейді және іске асырады;

5) өңірде шағын кәсіпкерлікті қолдау және инновациялық қызмет инфрақұрылымы объектілерін құру мен дамытуды қамтамасыз етеді;

6) жергілікті атқарушы органдардың кәсіпкерлер бірлестіктерімен және нарықтық инфрақұрылым объектілерімен өзара қарым-қатынастарын дамытудың стратегиясын әзірлейді;

7) жеке кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі сараптамалық кеңестерді құру жолымен жеке кәсіпкерлікті реттейтін нормативтік құқықтық актілердің жобаларына сараптама жүргізуді қамтамасыз етеді;

8) жергілікті атқарушы органдар жанындағы кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі сараптамалық кеңестердің қызметін ұйымдастырады;

9) шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін мамандарды және қызметшілерді оқытуды, даярлауды, қайта даярлауды және біліктілігін арттыруды ұйымдастырады;

10) тоқсан сайын уәкілетті органға мемлекеттік және өңірлік бағдарламаларды іске асыру барысы туралы есеп және шағын кәсіпкерлік субъектілерінің қызметі туралы өзге де ақпаратты береді.

## **4-тарау. ЖЕКЕ КӘСПКЕРЛІКТІ МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУ**

### **19-бап. Жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдаудың негізгі бағыттары**

1. Жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

жеке кәсіпкерлікті реттеу мәселелері жөніндегі заңнаманы жетілдіру; жеке кәсіпкерлікті қолдау орталықтарын, бизнес-инкубаторларды технологиялық парктерді, жеке кәсіпкерлік инфрақұрылымының индустриялық аймақтарын және басқа объектілерін құру және дамыту бюджет қаражаты есебінен жеке кәсіпкерлік субъектілерінің оқу-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз ету;

2. Жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау және дамыту мынадай жолдармен жүзеге асырылады:

1) мемлекеттік органдардың жанынан жеке кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі проблемаларды зерделеу және ұсыныстарды әзірлеу жөніндегі ғылыми-зерттеу институттарын құру;

2) сараптамалық кеңестердің орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың жанындағы кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі қызметін ұйымдастыру;

3) жеке кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың қаржылық институттарын құру;

4) бизнес-инкубаторлардың және индустриялық аймақтардың қызметін ұйымдастыру ;

5) жер телімдерін, ғимараттарды, үй-жайларды сату не тұрғын үй-жайларды тұрғын емес үй - ж а й ғ а а у ы с т ы р у .

3. Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау мыналарды қоса алғанда осы баптың 1-тармағында көрсетілген бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

шағын кәсіпкерлік субъектілері мемлекеттік, қаржылық, статистикалық, материалдық-техникалық және ақпараттық ресурстарды, сондай-ақ зияткерлік меншікке авторлық және өзге де құқықтарды сақтай отырып ғылыми-техникалық әзірлемелер мен технологияларды пайдаланулары үшін жағдайлар жасау;

шағын кәсіпкерлікті дамытудың мемлекеттік және өңірлік бағдарламаларын әзірлеу ;

шағын кәсіпкерлік субъектілерін мемлекеттік тіркеу және тарату тәртібін оңайлатуды белгілеу ;

салық салудың арнайы режимін жетілдіру;

шағын кәсіпкерлікке кредит берудің арнайы бағдарламаларын қабылдау; шағын кәсіпкерлікті қолдау мен дамыту үшін инвестицияларды, шетелдікті қоса алғанда тарту мен пайдаланудың арнайы жүйесін құру;

мемлекеттің қажеттіліктері үшін тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алудың кепілдендірілген көлемін қамтамасыз ету;

кадрларды қолданыстағыларын дамыту және жаңа оқыту мен зерттеу орталықтарын , консалтингтік ұйымдар мен шағын кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың ақпараттық жүйелерін құру және қолданыстағыларын дамыту жолымен даярлауды, қайта даярлауды және біліктіліктерін көтеруді ұйымдастыру.

4. Мемлекеттік даму институттары Қазақстан Республикасындағы жеке кәсіпкерлік субъектілерінің қалыптасуы мен экономикалық дамуын ынталандыру, сондай-ақ елдегі жалпы инновациялық және инвестициялық белсенділікті көтеру, оның ішінде жоғары технологиялық, ғылымды қажетсінетін өндірістерді, өндірістік инфрақұрылымды және өңдеуші өнеркәсіпті дамытуға жәрдемдесу, ел экономикасына сыртқы және ішкі инвестицияларды тартуға жәрдемдесу мақсатында құрылады.

5. Индустриялық аймақтар жеке кәсіпкерлікті дамыту үшін экономикалық және ұйымдық шарттарды қамтамасыз ету мақсатында Индустриялық аймақтардың міндеттері мыналар болып табылады:

1) өнеркәсіп саласындағы жеке кәсіпкерлікті жедел дамытуға жәрдемдесу;

2) жаңа өндірістер инфрақұрылымдарының құруы және дамытуға шығындарды оңтайландыру ;

3) өндірістің тиімділігін көтеру;

4) халықты еңбекпен қамтуды және жұмыссыздықтың деңгейін төмендетуді қамтамасыз ету .

6. Мемлекеттік органдар жеке кәсіпкерлік субъектілеріне жер телімдерін, ғимараттар, үй-жайлар сатады не қажетті инфрақұрылымға қосылу нүктесін міндетті түрде бере отырып тұрғын үйлерді тұрғын емес үй-жайларға ауыстыруды жүзеге асырады. Жеке кәсіпкерлік субъектілерін бұдан әрі инфрақұрылымға қосу сатып алу-сату туралы шартқа немесе тұрғын үйлерді тұрғын үй емес үй-жайларға ауыстыру туралы шартқа сәйкес қосымша келісімсіз жүзеге асырылады.

## **20-бап. Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау және дамыту**

1. Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау және дамыту мынадай жолмен жүзеге асырылады:

- 1) қаржылық қолдау көрсету;
- 2) жеке кәсіпкерлікті қолдау орталықтарының желілерін ұйымдастыру;
- 3) бизнес-инкубаторлардың қызметін ұйымдастыру;
- 4) шағын кәсіпкерлік субъектілеріне сенімді басқаруға немесе жалға бір жылдан астам пайдаланылған мемлекеттік меншік объектілерін беру;
- 5) шағын кәсіпкерлік субъектілердің меншігіне өндірістік қызметті ұйымдастыру үшін жалға немесе сенімді басқаруы берілген объектілерді қайтарусыз беру және шарт жасасқан сәттен бастап Қазақстан Республикасы Үкіметті бекіткен тәртіпте онымен көзделген шарттарды орындаған жағдайда жылдың аяқталуына орай халыққа қызметтер алынып келініледі.

Осы шарттар сауда-сатып алу (делдалдық) қызметті жүзеге асыратын шағын кәсіпкерлік субъектілеріне таратылмайды.

2. Шағын кәсіпкерлік субъектілерін қаржылық қолдау мынадай жолмен жүзеге асырылады:

- 1) мемлекеттік қажеттіліктері үшін тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің кепілдендірілген көлемін сатып алу;

Шағын кәсіпкерлік субъектілерінен сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің номенклатурасы және олардың көлемін (пайыздық мәнде) жыл сайын Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

- 2) екінші деңгейдегі банктер арқылы кредит беруді ұйымдастыру;
- 3) экономиканың салаларында әлеуметтік-маңызды жобаларды ұйымдастыру және іске асыру үшін мемлекеттік гранттар беру;
- 4) арнайы инвестициялық бағдарламаларды іске асыру.

3. Шағын кәсіпкерлік субъектілерін қаржылық қолдауды мемлекет тарапынан Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен құрылатын, негізгі мақсаты қаржылық ресурстарға қол жетімділікті қамтамасыз ету болып табылатын арнайы қор жүзеге асырылады.

Қордың негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

- 1) жобалық қаржыландыру;
- 2) жеке капиталдың қатысуымен микрокредиттік ұйымдардың желілерін дамыту;
- 3) шағын кәсіпкерлік субъектілерінің, олар екінші деңгейдегі банктерден кредиттер алған кезде кепілдендіру жүйелерін құру;
- 4) қаржылық лизингті дамыту;
- 5) шағын кәсіпкерлік субъектілерін оқыту және консалтинг;
- 6) шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін сапа менеджменті жүйелерін енгізу жөніндегі операцияларды тең қаржыландырудың гранттық жүйелерін дамыту.

Шағын кәсіпкерлік субъектілерін кредиттеуді тартылған және меншікті қаражат есебінен қор жүзеге асырады.

Ауыл шаруашылығы қызметін жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілеріне қарыздар бірінші кезектік тәртіпте беріледі.

4. Шағын кәсіпкерлікті қолдау орталықтары кәсіпкерлік қызметке халықты тарту, шағын кәсіпкерліктің жаңа субъектілерін құру мақсатында құрылады.

Шағын кәсіпкерлікті қолдау орталықтарының міндеттері мыналар болып табылады:

- 1) кәсіпкерлік климаттың, отандық және халықаралық рыноктардың, экономиканың салаларының және секторларының талдауы;
- 2) маркетинг және менеджмент саласында қызметтер кешенін көрсету;
- 3) инвестициялық және бизнес - жобаларды, консультативтік және басқа да қызметтерді әзірлеу жөніндегі қызметтерді көрсету;
- 4) шағын кәсіпкерлік субъектілерінің инновациялық белсенділігін көтеруге жәрдемдесу;
- 5) шағын кәсіпкерлік субъектілерінің кәсіби өсуіне жәрдемдесу;
- 6) ақпараттық және сараптамалық ресурстарға қол жетімділікті қамтамасыз ету;
- 7) семинарлар, тренингтер өткізу;
- 8) шағын кәсіпкерлік субъектілерінің деректер базасын қалыптастыру;
- 9) шағын кәсіпкерлікті дамыту және оны дамытудың проблемалық мәселелері жөніндегі ақпаратты талдау және қорыту.

5. Бизнес-инкубаторлар шағын кәсіпкерлік субъектілерінің қалыптасуына және дамуына жәрдем көрсету үшін құрылады.

Бизнес-инкубатордың міндеттері мыналар болып табылады:

- 1) бизнес-инкубаторға орналастыру үшін шағын кәсіпкерлік субъектілерін іріктеу;
- 2) шағын кәсіпкерлік субъектілеріне білім беру, маркетингтік, консалтингтік және ұйымдық - басқарушылық қызметтер көрсету.

Шағын кәсіпкерлікті қолдау орталықтарының, бизнес - инкубаторларының құрылу тәртібі және қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасымен айқындалады.

6. Шағын кәсіпкерлік субъектілеріне өндірістік қызметті ұйымдастыру және халыққа қызметтер аясын, сауда-сатып алу (делдалдық) қызметті қоспағанда, дамыту үшін сенімді басқаруға немесе жалға бір жылдан астам пайдаланылмаған мемлекеттік меншік объектілері беріледі.

Шағын кәсіпкерлік субъектілерінің жалға алу немесе сенімді басқару шарттарының шарттарын орындауын бақылауды республикалық коммуналдық меншікке иелік етуге өкілетті тиісті мемлекеттік органдар орындайды.

## **21-бап. Шағын кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың мемлекеттік және өңірлік бағдарламалары**

1. Мемлекеттік органдар мемлекеттің экономикалық саясатының құрамдық бөлігі болып табылатын шағын кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың мемлекеттік және өңірлік бағдарламаларын әзірлейді.

2. Шағын кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың мемлекеттік және өңірлік бағдарламалары өндірісті бәсекеге қабілетті өнімдермен қамтамасыз ету, сондай-ақ инновациялық білім беру қызметі, қаржылық және құқықтық консалтинг саласындағы шағын кәсіпкерлік субъектілеріне қаржылық, оқу-әдістемелік көмек көрсету үшін әзірленеді.

3. Шағын кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламаларын Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді және республиканың барлық аумақтарындағы мемлекеттік органдар мен жеке кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің орындауы үшін міндетті болып табылады.

4. Мемлекет экономикасын дамытудың басым бағыттарына және өңірдің экономикасын дамытудың ерекшелігіне сәйкес жергілікті атқарушы органдар өңірдің экономикалық даму бағдарламасының құрамдас бөлігі болып табылатын шағын кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың өңірлік бағдарламаларын әзірлейді.

5. Мемлекеттік және өңірлік бағдарламаларды қаржыландыру бюджет және басқа да көздер қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

6. Шағын кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың мемлекеттік және өңірлік бағдарламалары мынадай ережелерді қамтиды:

нормативтік құқықтық базаны жетілдіру жөніндегі ұсыныс;  
шағын кәсіпкерлікті қолдау инфрақұрылымдарын қалыптастыру жөніндегі шаралар;  
шағын кәсіпкерлікті кредиттік-қаржылық және мүліктік қолдау жөніндегі шаралар;  
жеке кәсіпкерлікке халықтың әлеуметтік қорғалмаған жіктерін тартуға бағытталған шаралар;

ірі өнеркәсіп ұйымдарының бизнестің жартысын шағын кәсіпкерлік субъектілеріне беруін ынталандыруға, сондай-ақ олардан кәсіптік емес жанама қызметтерді сатып

алуға бағытталған шаралар;  
шағын кәсіпкерлікті қолдау жөніндегі мемлекеттік саясатты насихаттау жөніндегі шаралар;  
шағын кәсіпкерлікті қолдау, дамыту және қорғау жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асырумен байланысты басқа да шаралар.

## **22-бап. Шағын кәсіпкерлік субъектілерін оқу-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік қолдау**

1. Шағын кәсіпкерлік субъектілерін оқу-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік қолдау бәсекеге қабілетті тауарларды (жұмыстар, қызметтер) шығаруға мүмкіндігі бар олардың кәсіби деңгейін арттыру мақсатында жүзеге асырылады.

2. Шағын кәсіпкерлікті оқу-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік қолдау мынадай жолмен жүзеге асырылады:

кәсіпкерлік қызметін жүргізу мәселелері бойынша оқу семинар-тренингтерін және ғылыми-практикалық конференцияларды ұйымдастыру кәсіпкерлік қызметін жүзеге асыру туралы, жаңа технологиялардың рыногы туралы әдістемелік оқулықтарды, ақпараттық бюллетендерді тарату;

өңірлерде ақпараттық, консалтингтік орталықтар желісін құру;  
өңірлерде шағын кәсіпкерлік субъектілерін оқытуды ұйымдастыру үшін менеджерлерді дайындау.

3. Шағын кәсіпкерлік субъектілерін оқу-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік қолдау бюджеттік және әртүрлі көздердің қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

## **23-бап. Жеке кәсіпкерлік қызметті ақпараттық қамтамасыз ету**

Барлық деңгейдегі мемлекеттік органдар таратуға шектелмеген ақпарат пен материалдарды кәсіпкерлік қызметінің субъектілеріне тегін негізде тарату үшін жалпы пайдаланудың телекоммуникациялық желілерінде (Интернет және басқалары) WEB-сайт құруға, олардың, оның ішінде, осы Заңның 6-бабымен көзделген жарнамасын қамтамасыз етуге міндетті.

## **5-тарау. КӘСІПКЕРЛЕРДІҢ БІРЛЕСТІКТЕРІН ҚҰРУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ НОРМАТИВТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕРГЕ ҚОҒАМДЫҚ САРАПТАМАНЫ ЖҮРГІЗУГЕ ҚАТЫСУЫ**

### **24-бап. Жеке кәсіпкерлік субъектілерін біріктіру**

1. Шағын кәсіпкерлік субъектілері өздерінің арасындағы шарт бойынша, сондай-ақ коммерциялық емес ұйымдармен бірлесіп кәсіпкерлер бірлестігін құра алады.

Жеке кәсіпкерлік субъектілері республикалық, облыстық, қалалық, салалық кәсіпкерлер бірлестіктерін құра алады.

Шағын кәсіпкерлік субъектілері шағын кәсіпкерліктің республикалық, облыстық, қалалық бірлестіктерін құра алады.

Кәсіпкерлердің республикалық бірлестіктері кәсіпкерлердің бірыңғай бірлестігін құра алады.

2. Кәсіпкерлер бірлестіктерін қаржыландыру, кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің міндетті мүшелік жарналарының есебінен жүзеге асырылады.

Жеке кәсіпкерлік субъектілері жылына бір жұмыс істеушіге бір айлық есептік көрсеткіш мөлшеріндегі мүшелік жарналарды осы төлемдерді есептен алып тастауға жатқыза отырып, салалық қауымдастықтарға және шағын кәсіпкерлік жөніндегі қауымдастықтарға төлейді.

3. Кәсіпкерлердің бірыңғай республикалық бірлестігін қаржыландыру салалық қауымдастықтармен және шағын кәсіпкерлік жөніндегі қауымдастықтармен шарт бойынша жүзеге асырылады.

4. Кәсіпкерлер бірлестіктерін қаржыландыру Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған басқа да көздерден жүзеге асырылуы мүмкін.

## **25-бап. Кәсіпкерлердің бірлестіктерін аккредиттеу тәртібі**

1. Орталық атқарушы органдар кәсіпкерлік мәселелері бойынша нормативтік-құқықтық актілерді сараптама жүргізуге кәсіпкерлердің республикалық бірлестіктерін аккредиттейді.

Кәсіпкерлердің республикалық салалық бірлестіктері тиісті орталық атқарушы органдарда аккредиттеуге жатады.

2. Кәсіпкерлердің бірыңғай республикалық бірлестігі кәсіпкерлік және еңбек жөніндегі уәкілетті органның аккредиттеуге жатады.

3. Шағын кәсіпкерліктің республикалық бірлестігі кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті органда аккредиттеуге жатады.

4. Шағын кәсіпкерліктің облыстық, қалалық бірлестіктері және кәсіпкерлердің бірыңғай республикалық бірлестігінің өкілдері жергілікті атқарушы органдарда аккредиттеуге жатады.

5. Кәсіпкерлердің бірлестіктерін аккредиттеуді жүргізу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

## **26-бап. Кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі сараптамалық кеңестер**

1. Орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың жанындағы кәсіпкерлік жөніндегі сараптамалық кеңестер сараптама жүргізу үшін нормативтік құқықтық актілер жобаларының кәсіпкерлік құрылымдар қызметіне ықпал ететін мақсатында құрылады.

2. Кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі сараптамалық кеңестерге кәсіпкерлердің бірыңғай республикалық бірлестіктерінің және шағын кәсіпкерлік жөніндегі республикалық бірлестіктердің өкілдері кіре алады.

Орталық атқарушы органдар жанындағы кәсіпкерлік жөніндегі сараптамалық кеңеске кәсіпкерлердің бірыңғай бірлестігін және шағын кәсіпкерлік жөніндегі республикалық бірлестіктің өкілдері кіреді.

Салалық орталық мемлекеттік органның кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі сараптамалық кеңесіне кәсіпкерлердің республикалық салалық бірлестіктері кіре алады.

3. Жергілікті атқарушы органдар жанындағы кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі сараптамалық кеңестеріне кәсіпкерлердің бірыңғай республикалық бірлестіктерінің, облыстық салалық бірлестіктердің және шағын кәсіпкерлік жөніндегі облыстық бірлестіктердің өкілдері кіре алады.

4. Кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі сараптамалық кеңестің құрамына ұжымдық мүше ретінде және өкілеттігі сенімхатпен расталатын өз өкілі арқылы әрекет ететін кәсіпкерлер бірлестіктері кіре алады.

5. Кәсіпкерлік жөніндегі сараптамалық кеңестің құрамына сенімхаттың негізінде мемлекеттік органдардың және сәйкес деңгейдегі басқа да мүдделі коммерциялық емес ұйымдардың өкілдері кіре алады.

Мемлекеттік орган жанындағы кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі сараптамалық кеңестің құрамы мемлекеттік органның бірінші басшысының шешімімен бекітіледі.

6. Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін қозғайтын нормативтік құқықтық акті әзірлейтін мемлекеттік органдары оны кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі сараптамалық кеңестің қарауына енгізеді, мемлекеттік құпиялардан тұратын нормативтік құқықтық актілерді қоспағанда.

7. Кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі сараптамалық кеңестер туралы үлгілік ережені Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

8. Ұжымдық мүше ретінде кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі сараптамалық кеңестің құрамына кіретін кәсіпкерлер бірлестіктері ол болған жағдайда, ерекше пікірді қоса бере отырып, өз мүшелеріне шоғырландырылған пікірін беруге міндетті.

9. Кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі сараптамалық кеңестің шешімі сараптама кеңесінің алдына қойылған мәселелер жөнінде негіздемелік ұйғарымдардан тұратын

қорытынды түрінде ресімделеді, төраға қол қояды және ұсынымдық сипат алады.

Сараптамалық қорытындыға жазбаша түрде көпшіліктің пікірімен келіспейтін сараптамалық кеңес мүшелерінің пікірі қоса беріледі. Ерекше пікірді қоса алғанда, сараптамалық қорытынды оны мемлекеттік орган қабылдағанға дейін нормативтік құқықтық актінің жобасына міндетті қосымша болып табылады.

10. Кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі сараптамалық кеңестердің жұмысын талдау мен мониторингті Кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті органның жанында құрылатын Үйлестіру кеңесі жүзеге асырады.

Үйлестіру кеңесінің төрағасы кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті органның басшысы болады.

Үйлестіру кеңесінің құрамын кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті органның басшысы қалыптастырады.

## **6-тарау. ЖЕКЕ КӘСПКЕРЛІК СУБЪЕКТІЛЕРІН ТІРКЕУ ЖӘНЕ ТАРАТУ**

### **27-бап. Кәсіпкерлік субъектілерін мемлекеттік тіркеу**

1. Жеке кәсіпкерлік субъектілерін - заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Заңды тұлға құрмастан жеке кәсіпкерлік қызметін жүзеге асыратын азаматтарды мемлекеттік тіркеу келу тәртібінде болады және азаматтың тұрғылықты жері бойынша аумақтық салық органында (бұдан әрі - тіркеуші орган) жеке кәсіпкер ретінде есепке қойылады.

2. Мынадай шарттардың біреуіне жауап беретін жеке дара кәсіпкерлер міндетті мемлекеттік тіркеуге жатады:

- 1) тұрақты негізде жалдамалы қызметкерлердің еңбегін пайдаланады;
- 2) кәсіпкерлік қызметінен Қазақстан Республикасының салық заңнамасымен жеке тұлғалар үшін белгіленген жылдық жиынтық кірістің мөлшері салық салынатын мөлшерде салық заңнамасына сәйкес есептелген жиынтық жылдық кірісі.

Аталған жеке кәсіпкерлердің қызметіне Қазақстан Республикасының салық заңнамасымен көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік тіркеусіз тыйым салынады.

3. Жеке дара кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәлік егер, өтініште өзге мерзім көзделмесе, мерзімсіз беріледі.

Жеке дара кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәлік нысанын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

4. Жеке дара кәсіпкер мемлекеттік тіркеу үшін тіркеуші органға мыналарды береді:

1) уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша өтініш;  
2) жеке дара кәсіпкерлерді мемлекеттік тіркегені үшін алым сомасын бюджетке төлеуді растайтын құжат.

Өзге құжаттарды талап етуге тыйым салынады.

Осы баптың 4-тармағында аталған құжаттар болған жағдайда, тіркеуші орган құжаттарды беру күніне жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеуді жүргізеді.

5. Шағын кәсіпкерлік субъектілерін мемлекеттік тіркегені (қайта тіркегені) үшін алым төлеу тәртібі Қазақстан Республикасының салық заңнамасымен айқындалады.

6. Мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті беру күніне өтініште көрсетілген деректердің өзгеруі кезінде жеке кәсіпкер өзгерістер туралы осы орган белгілеген нысан бойынша тіркеуші органға хабарлауға міндетті. Мемлекеттік тіркеу туралы куәлікте көрсетілген деректер өзгерген жағдайда кәсіпкер қайта тіркеуді жүзеге асыруға және жаңа куәлікті алуға міндетті.

7. Кәсіпкер мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті жоғалтқан жағдайда оған өтініш бойынша мемлекеттік тіркеуді куәландыратын құжаттың телнұсқасы беріледі.

Мемлекеттік тіркеуді куәландыратын құжаттың телнұсқасын беру үшін кәсіпкерден Қазақстан Республикасының салық заңнамасы айқындайтын тәртіппен алым алынады.

8. Осы Заңмен көзделген жағдайда жұбайлар кәсіпкерлігі, отбасылар кәсіпкерлігі, сондай-ақ тұрақты негізде құрылатын жай серіктестік нысанындағы бірлескен жеке дара кәсіпкерді тіркеу кезінде азаматтармен, ұйымдармен және мемлекеттік органдармен қатынастарда мүдделерін білдіретін және азаматтық-құқықтық мәмілелерді жүзеге асыратын уәкілетті тұлға өтініш береді.

Мемлекеттік тіркеу туралы куәлік уәкілетті тұлғасына жазылады. Куәлікке тіркеуші органның басшысы куәландырған бірлескен жеке дара кәсіпкер мүшелерінің тізімі қоса беріледі.

9. Тіркеуші орган статистикалық қызметке жетекшілік ететін уәкілетті органға жеке дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу туралы хабарламаны тіркеу күнінен бастап 10 күн мерзімде жібереді.

## **28-бап. Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің банкроттығы, қайта ұйымдастыру және тарату**

1. Кәсіпкерлік субъектілері заңнама актілерімен көзделген жағдайларда сотқа борышқордың немесе кредитордың және өзге тұлғалардың өтініші негізінде сот шешімімен банкрот деп жарияланады.

Жеке кәсіпкердің банкроттық рәсімі азаматтық заңнамамен көзделген кредиторлардың талаптарын қанағаттандырудың кезектілігі бөлігіндегі ерекшеліктермен заңды тұлғалар үшін белгіленген ережелер бойынша жүзеге асырылады.

2. Кәсіпкерлік қызметін қайта ұйымдастыру немесе тарату азаматтық заңнамамен белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

3. Жеке кәсіпкердің қызметі ерікті немесе күштеу тәртібімен, сондай-ақ осы Заңмен көзделген жағдайлар туындаған жағдайда тоқтатылуы мүмкін.

Жеке кәсіпкердің қызметі ерікті негізде жеке кәсіпкерлік кезінде - жеке кәсіпкер дербес, бірлескен кәсіпкерлік кезінде - барлық қатысушылар бірлесіп қабылдаған шешім негізінде кез-келген уақытта тоқтатылады.

Бірлескен кәсіпкерлікті тоқтату туралы шешім, егер, ол үшін оның қатысушыларының жартысы дауыс берсе, егер олардың арасында келісіммен өзге көзделмесе қабылданды деп саналады.

4. Күштеу тәртібімен жеке кәсіпкердің қызметі мынадай жағдайларда соттың шешімі бойынша :

1 ) банкроттық ;

2) жойылмайтын сипатта болатын заңнаманы тіркеу кезінде жіберілген бұзушылықтармен байланысты жеке кәсіпкерді тіркеуді жарамсыз деп тану;

3) күнтізбелік жыл ішінде заңнаманы бірнеше немесе өрескел бұзумен қызметті жүзеге асыру ;

4) заңнама актілерімен көзделген өзге де жағдайларда тоқтатылады.

5. Осы баппен көзделген негіздемелерден басқа, жеке кәсіпкердің қызметі мынадай жағдайларда :

1) жеке кәсіпкерлік - жеке кәсіпкер азаматты қабілетсіз деп немесе оның өлімін таныған кезде ;

2) отбасылық кәсіпкерлік және жай серіктестік - егер, осы тармақтың 1-тармақшасында аталған жағдаяттардың нәтижесінде, сондай-ақ некені бұзумен байланысты мүлікті бөлу кезінде бірлескен кәсіпкерліктің біреуі - келген жағдайда немесе бір де қатысушы қалмаған жағдайда да тоқтатылады.

6. Жеке кәсіпкердің қызметі оның (олардың) шешімдері немесе соттың шешімі негізінде Мемлекеттік тіркелімнен осындай кәсіпкерді (кәсіпкерлерді) алып тастау сәтінен бастап тоқтатылған деп саналады.

Мемлекеттік тізілімнен алып тастау жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті тіркеуші органға бергеннен кейін жүргізіледі.

7. Кәсіпкерлік қызмет белгіленген жағдайларда тіркеусіз жеке кәсіпкерлікті жүзеге асыру кезінде оның ерікті сипаты кезінде - нақты тоқтату сәтінен бастап, сәйкесінше, күштеп тоқтату кезінде - соттың шешімі күшіне енуі сәтінен бастап тоқтатылған деп саналады .

8. Мемлекет алдындағы орындалмаған міндеттемелері жоқ шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін Қазақстан Республикасының заңнамасымен ерікті таратудың оңайлатылған тәртібі белгіленеді.

## **7-тарау. МЕМЛЕКЕТТІК ӘКІМШІЛІК ЕТУ**

### **29-бап. Мемлекеттік әкімшілік етудің мақсаттары мен түрлері**

1. Жеке кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік әкімшілік етудің мақсаты жеке кәсіпкерлік субъектісі өндіретін және іске асыратын өнімдердің адамдардың өмірі мен денсаулығы үшін қауіпсіздігін, олардың мүліктерінің қорғауын қоршаған орта үшін қауіпсіздікте мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігін, экономикалық қауіпсіздікті қоса алғанда, көзбояушылық тәжірибенің алдын алуды, табиғи және энергетикалық ресурстарды үнемдеуді, ұлттық өнімнің бәсекеге қабілеттігін арттыруды қамтамасыз ету болып табылады.

2. Мемлекеттік әкімшілік етудің түрлері:

- 1) Қазақстан Республикасы заңнамалық актілерінің талаптарын белгілеу;
- 2) сертификаттау және сынақтық зертханалар жөніндегі органдарды аккредиттеу;
- 3) өнімдердің жекелеген түрлерінің, өнімдердің сәйкестігін міндетті растау;
- 4) жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік бақылау;
- 5) жеке кәсіпкерліктің жекелеген түрлерін лицензиялау;
- 6) жеке кәсіпкерлік субъектілерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес міндетті сақтандыру;
- 7) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен жеке кәсіпкерлік субъектілерінің, мемлекеттік органдардың және олардың лауазымды тұлғаларының жауапкершіліктерін белгілеу.

3. Осы бапта көрсетілген әкімшілік ету түрлерінің тізбесі жеткілікті болып табылады.

### **30-бап. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен жеке кәсіпкерлік өнімдеріне, процестеріне талаптар белгілеу**

Мемлекет Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен өнімдерге, процестерге жеке кәсіпкерлік субъектілерінің орындауына міндетті талаптар белгілейді.

### **31-бап. Сертификация және сынақ зертханалары жөніндегі органдарды аккредиттеу**

Сертификация және сынақ зертханалары жөніндегі органдарды аккредиттеу Техникалық реттеу туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

### **32-бап. Өнімдердің жекелеген түрлерінің, процестердің сәйкестігін міндетті растау**

Өнімдердің жекелеген түрлерінің, процестердің сәйкестігін міндетті растау, егер де бұл Техникалық реттеу туралы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген мақсаттарға қол жеткізу үшін қажетті болса белгіленеді.

### **33-бап. Жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік бақылау**

Жеке кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік бақылау, егер де Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен белгіленген өнімдерге, процестерге талаптар және өнімдердің жекелеген түрлерінің, процестердің сәйкестігін растау талаптарын орындауы мемлекеттік әкімшілік ету мақсаттарына жеткіліксіз жағдайда белгіленеді.

Жеке кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік бақылау осы Заңмен және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерімен айқындалған тәртіпте жүзеге асырылады.

### **34-бап. Жеке кәсіпкерлік қызметтің жекелеген түрлерін лицензиялау**

1. Жеке кәсіпкерлік қызметтің жекелеген түрлерін лицензиялау Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңнамасымен жүзеге асырылады.

2. Жеке кәсіпкерлік қызметтің жекелеген түрлерін лицензиялауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдар жеке кәсіпкерлік субъектісіне ол өтінім білдірген қызмет түрін жүзеге асыруға лицензия беруге, егер де жеке кәсіпкерлік субъектісі уәкілетті мемлекеттік органға Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына сәйкес оны алу үшін қажетті құжаттарды берген болса не Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен белгіленген мерзімдерде лицензия беруден негізді бас тартуға міндетті.

### **35-бап. Жеке кәсіпкерлердің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру**

Жеке кәсіпкерлердің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру, егер осы Заңның 29-бабының 2-тармағында көрсетілген мемлекеттік әкімшілік ету

түрлерін қолдану мемлекеттік әкімшілік ету мақсаттарына қол жеткізуді қамтамасыз етпесе, Қазақстан Республикасының актілерімен белгіленеді.

**36-бап. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен жеке кәсіпкерлік субъектілерінің, мемлекеттік органдар мен олардың лауазымдық тұлғаларының жауапкершілігін белгілеу**

Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің, мемлекеттік органдар мен олардың лауазымдық тұлғаларының жауапкершілігі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен белгіленеді.

**8-тарау. ЖЕКЕ КӘСПКЕРЛІК ҚЫЗМЕТТІ МЕМЛЕКЕТТІК БАҚЫЛАУ**

**37-бап. Жеке кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік бақылаудың негізгі қағидаттары және міндеттері**

1. Қазақстан Республикасындағы жеке кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік бақылау мынадай қағидаттарға негізделеді:

- 1) заңдылық;
- 2) шағын кәсіпкерлік субъектілері адалдығының анық-қанығы;
- 3) жариялылық;
- 4) барлығының заң мен сот алдындағы теңдігі;
- 5) тексеру жүргізу кезеңінде жеке кәсіпкерлік қызмет субъектісінің жұмыс режимін бұзуға жол бермеушілік;
- 6) мемлекеттік органдар лауазымды тұлғаларының кәсібилігі мен құзыреттілігі;
- 7) лауазымдық міндеттіліктерін орындамағаны немесе дұрыс орындамағаны және өз өкілеттіктерін асырғаны үшін мемлекеттік органдар лауазымды тұлғаларының дербес жауапкершілігі.

2. Осы Заңның 29-бабының 1-тармағымен белгіленген жеке кәсіпкерлік қызметіне мемлекеттік әкімшілік ету мақсатына қол жеткізудің мемлекеттік бақылау құралдары мен әдістерін қамтамасыз ету мемлекеттік бақылаудың негізгі міндеті болып табылады.

3. Мемлекеттік органдар қоса берілген тізбеге сәйкес оларға жүктелген функцияларға сәйкес жеке кәсіпкерлік қызметті бақылауды жүзеге асырады.

## **38-бап. Жеке кәсіпкерлік субъектілерін тексеруді ұйымдастыру мен өткізудің жалпы тәртібі**

1. Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің қызметін тексеру осы Заңға және Қазақстан Республикасының өзге де заңнама актілеріне сәйкес жүзеге асырылады.

Мемлекеттік органдарға жеке кәсіпкерлік субъектілеріне тексеру жүргізу мәселелері бойынша заңға бағынысты нормативтік құқықтық актілерді қабылдауға тыйым салынады.

2. Осы Заңның күші мынадай тексерістерді өткізумен байланысты:

1) азаматтық-құқықтық қатынастардан туындайтын міндеттемелерді орындау бойынша;

2) жедел іздестіру іс-шараларының, анықтау, алдын ала тергеу, прокурорлық қадағалау және атқарушылық ісі шеңберінде;

3) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасынан өту кезінде;

4) жеке кәсіпкерлік субъектісінің бастамашылығы бойынша;

5) салық, қаржы және кеден заңнамасын сақтау бойынша;

6) білім беру саласындағы заңнаманы сақтау бойынша тексерулерді жүргізу кезінде қатынастарға қолданылмайды.

Адамдардың өмірі мен денсаулығы үшін өнімнің қауіпсіздігі саласындағы бақылауды және олардың мүлкінің сақталуын жүзеге асыратын мемлекеттік органдар тексерулерді тағайындау туралы актісіз бақылауды жүзеге асырады.

3. Жеке кәсіпкерлік субъектісі үшін бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік органның қызметкерлерін бекіту жеке кәсіпкерлік субъектісіне бірінші бару кезінде берілетін жазбаша хабарлама негізінде жүргізіледі.

4. Мәлімсіз өтінімдер жоспардан тыс тексеруді өткізу үшін негіздеме болуы мүмкін емес.

Қазақстан Республикасының заңнама актілерімен белгіленген тексерулердің өзге де түрлерін жүргізуге тыйым салынады.

5. Тексеру мемлекеттік органның тексеру өткізу туралы актісі негізінде өткізіледі.

Тексеру жүргізу туралы актіде мыналар көрсетіледі:

1) актінің нөмірі мен күні;

2) мемлекеттік органның атауы;

3) тексеру жүргізуге уәкілетті тұлғаның (тұлғалардың) тегі, есімі, әкесінің аты;

4) тексерілетін жеке кәсіпкерлік субъектісінің атауы немесе оған қатысты тексеру жүргізілетін жеке кәсіпкердің тегі, есімі, әкесінің аты, оның орналасқан жері, салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

5) өткізілетін тексерудің мәні;

6) тексеруді бастаудың және аяқтаудың күні;

7) тексеру жүргізудің құқықтық негіздері, оның ішінде, олардың міндетті талаптары

тексеруге жататын нормативтік-құқықтық актілер;  
8) тексерілетін кезең;

9) акті қоюға уәкілетті тұлғаның қолы және мемлекеттік органның мөрі.

6. Тексеруді жүргізу туралы, сондай-ақ, оны өткізудің мерзімін ұзарту туралы акт Қазақстан Республикасының Бас прокуроры белгілеген тәртіппен құқықтық статистика және арнайы есеп саласындағы өз құзіретінде статистикалық қызмет шегінде жүзеге асыратын мемлекеттік басқару органында (бұдан әрі - құқықтық статистика органы) міндетті тәртіппен тіркеледі.

7. Объектіге тексеріске келген мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғалары мыналарды көрсетуге міндетті:

1) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының құқықтық статистика және арнайы есеп жөніндегі органдарында тіркеу туралы белгімен тексеру тағайындау туралы акт;

2) қызметтік куәлік;

3) қажеттілік кезінде режимдік объектілерге баруға құзіретті органның рұқсаты;

4) бақылаушы орган басшысы бекіткен тексеру актісі;

5) объектілерге бару үшін болуы қажет медициналық рұқсат қағазы.

8. Тексеруді тағайындау туралы актіне жеке кәсіпкерліктің тексерілетін субъектісіне тапсыру сәті тексеруді жүргізудің басталуы деп саналады.

9. Тексеру үшін қажетті материалдарға мемлекеттік органдар лауазымды тұлғаларының тексеруі тағайындау немесе кедергі келтіруі туралы актіні қабылдаудан бас тартқан жағдайда хаттама жасалады. Хаттамаға мемлекеттік органның лауазымды тұлғасы және жеке кәсіпкерлік субъектісінің басшысы немесе өзге лауазымды тұлғасы қол қояды.

Тексеруді тағайындау туралы актіні алудан бас тарту тексеруді жою үшін негіздеме болып табылмайды.

10. Тексеру тексеруді тағайындау туралы актіде көрсетілген сол лауазымды тұлға (тұлғалар) ғана жүргізеді.

11. Тексерулерді ұйымдастыру және өткізу тәртібінің ерекшеліктері, тексерулердің түрлері, олардың мерзімділігі мен ұзақтығы жеке кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнама актілерімен айқындалады.

12. Тексеру мерзімі бір айдан аспауы тиіс, арнайы зерттеулер, сараптама жүргізудің қажеттілігі кезіндегі ерекше жағдайларда, сондай-ақ тексерудің біраз көлемімен байланысты, мемлекеттік бақылау органының басшысы (немесе оны ауыстырушы тұлға) тексеруді өткізудің мерзімі бір айдан аспайтын мерзімге ұзартылуы мүмкін.

Тексеруді өткізу мерзімінің ішінде құқықтық статистика органын хабарландыра отырып, мерзімді тоқтата тұру туралы актіні енгізу жолымен уақыт кезеңіне немесе айқындалмаған мерзімге тоқтатылуы мүмкін.

Айқындалмаған мерзімге тоқтатылған тексеруді мемлекеттік орган құқықтық статистика органын хабарландыра отырып, тексеруді жүргізудің мерзімін жаңғырту туралы актіні шығару жолымен жаңартады. Жаңғырту күнінен бастап тексеруді жүргізу мерзімінің ішінде жалғасады.

Тексеруді тағайындау туралы бір актінің негізінде бір тексеру ғана өткізіледі.

13. Тексеруді тағайындау туралы акт жеке кәсіпкерліктің бір субъектісіне ғана р е с і м д е л е д і .

14. Жеке кәсіпкерлік субъектісінің түпнұсқасында болған қосымшалардың көшірмелерімен тексеру нәтижелері туралы актінің бір данасы танысу және анықталған тәртіп бұзушылықтар мен басқа да іс-әрекеттерді жою жөніндегі шараларды қабылдау үшін жеке кәсіпкерлік субъектісінің басшысына немесе жеке дара кәсіпкерге не олардың өкілдеріне тапсырылады.

15. Тексеру нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар бойынша жеке кәсіпкерлік субъектісі үш күндік мерзімде келіспеушілікті немесе тексеруді өткізген мемлекеттік орган басшысымен келісілетін жоюдың мерзімдерін көрсете отырып, анықталған заң бұзушылықтарды жою жөніндегі шаралар туралы ақпаратты беруге м і н д е т т і .

16. Осы баптардың әрекеті тексеру жүргізуге байланысты мынадай:

1) азаматтық-құқықтық қатынастардан туындайтын міндеттемелерді орындау ж ө н і н д е г і ;

2) жедел-іздістіру іс-шаралары, анықтау, алдын-ала тергеу, прокурорлық қадағалау және атқару өндірісі шеңберінде;

3) Қазақстан Республикасының шекарасын қиып өту кезінде

4) жеке кәсіпкерлік субъектісінің бастамасы бойынша;

5) салық қаржы және кеден заңнамасын сақтау бойынша;

6) білім беру саласындағы заңнаманы сақтау жөніндегі қатынастарға қ о л д а н ы л м а й д ы .

Адамдардың өмірі мен денсаулығы үшін өнімдердің қауіпсіздігі және олардың мүлкін сақтау саласындағы бақылау тексеруді тағайындау туралы актісіз жүзеге а с ы р ы л а д ы .

17. Жеке кәсіпкерлік субъектісіне бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың қызметкерлерін бекіту жеке кәсіпкерлік субъектісіне бірінші қатысқан кезде ұсынылатын жазбаша хабарлама негізінде жүргізіледі.

18. Анонимдік өтініштер жоспардан тыс тексеріс жүргізуге негіз бола алмайды.

Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленбеген тексерістің өзге түрлерін жүргізуге тыйым салынады.

### **39-бап. Жеке кәсіпкерлік қызметі үшін бақылауды жүзеге асыру кезіндегі мемлекеттік органдар лауазымды тұлғаларының құқықтары мен міндеттері**

1. Жеке кәсіпкерлік қызметі үшін мемлекеттік бақылауды жүргізу кезінде мемлекеттік органдар лауазымды тұлғаларының мыналарға:

1) осы Заңның 38-бабындағы 4-тармақта көрсетілген құжаттарды көрсеткен кезде тексерілетін объектінің аумағына және үй-жайына тоқтаусыз кіруге;

2) қағаз және электрондық тасығыштарда құжаттарды (мәліметтерді) немесе тексеру нәтижелері туралы актіге қосу үшін олардың көшірмелерін алуға, сондай-ақ тексерудің міндеттері мен мәніне сәйкес автоматтандырылған дерекқорға (ақпараттық жүйелерге) енгізуге құқығы бар.

2. Мемлекеттік бақылауды өткізу кезінде мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғалары мыналарға:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасын, жеке кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтары мен заңды мүдделерін сақтауға;

2) осы заңмен және Қазақстан Республикасының өзге де заңнама актілерімен белгіленген тәртіп негізінде және қатаң негізде тексеру өткізуге;

3) тексеруді өткізу кезеңіне жеке кәсіпкерлік субъектісінің белгілеген жұмыс режиміне кедергі келтірмеуге;

4) Қазақстан Республикасының заңнама актілерімен белгіленген талаптарды бұзудың алдын алу, анықтау және жолын кесу жөніндегі берілген өкілеттікті Қазақстан Республикасының заңнама актілеріне сәйкес уақтылы және толық көлемде орындауға;

5) тексеруді жүргізу кезінде жеке кәсіпкерлік субъектісіне болуына кедергі келтірмеуге, тексеру мәніне жататын мәселелер бойынша түсініктер беруге;

6) тексеру мәніне қатысты қажетті ақпараттың тексеру жүргізу кезінде жеке кәсіпкерлік субъектісіне беруге;

7) оның аяқталу күніне жүргізілген тексеру нәтижелері туралы актіні жеке кәсіпкерлік субъектісіне тапсыруға;

8) алынған құжаттар мен тексеру өткізу нәтижесінде алынған мәліметтердің сақталуын қамтамасыз етуге міндетті.

### **40-бап. Мемлекеттік бақылауды жүргізу кезіндегі жеке кәсіпкерлік субъектісінің құқықтары мен міндеттері**

1. Жеке кәсіпкерлік субъектілері мемлекеттік бақылауды өткізу кезінде мыналарға:

1) егер:

осы Заңның 38-бабындағы 4-тармақта көрсетілген құжаттар берілмеген;  
тексеруді тағайындау туралы актіде лауазымды тұлғалар көрсетілмеген;  
тексеру бастау күні басталмаған немесе біткен;  
осы Заңның 38-бабындағы 2-тармаққа сәйкес тағайындау туралы акті ресімделмеген жағдайда объектіге тексеру жүргізу үшін келген мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғаларын тексеруге жібермеуге;  
2) егер, олар өткізілетін тексеру мәніне жатпайтын немесе актіде көрсетілген кезеңге жатпайтын болса мәліметтерді бермеуге;  
3) тексеруді тағайындау туралы актіге және тексеру нәтижелері туралы актіге және заңнамамен белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдар лауазымды тұлғаларының іс-әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдануға;  
4) жеке кәсіпкерлік қызметін шектейтін мемлекеттік органдардың немесе лауазымды тұлғалардың тыйымдарына негізделмеген заңдарды орындамауға құқылы.

2. Мемлекеттік органдардың мемлекеттік бақылауды жүргізуі кезінде жеке кәсіпкерлік субъектілері мыналарға:

1) осы Заңның 38-бабындағы 4-баптың тармақтарын сақтау кезінде тексерілетін объектінің аумағына және үй-жайына мемлекеттік органдар лауазымды тұлғаларының кедергісіз өтуін қамтамасыз етуге;

2) осы Заңның 12-бабының талаптарын сақтаумен тексеруді жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғаларына қағаз және электрондық тасығыштарда құжаттарды (мәліметтерді) немесе өткізілген тексеру туралы актіге қосу үшін олардың көшірмелерін беруге әрі тексерудің міндеттері мен мәніне сәйкес автоматтандырылған дерекқорға (ақпараттық жүйелерге) енуге;

3) тексеруді тағайындау туралы актінің екінші данасында алу туралы белгі қоюға міндеті.

#### **41-бап. Мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдар мен олардың лауазымды тұлғаларының іс-әрекетіне шағымданудың тәртібі**

1. Мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру кезінде жеке кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтары мен заңды мүдделері бұзылған жағдайда жеке кәсіпкерлік субъектісі тиісті органның және (немесе) лауазымды тұлғаның іс-әрекетіне жоғары тұрған мемлекеттік органда не органның (лауазымды тұлғаның) орналасқан жері бойынша немесе кәсіпкерлік қызметін жүзеге асыру орын бойынша (шағым берушінің таңдауы бойынша) сотқа немесе прокуратура органдарына шағымдануға құқылы.

2. Жеке кәсіпкерлік субъектісінің қылмыстық істі қозғауымен және зерттеуімен

байланысты мемлекеттік органдардың іс-әрекетіне шағымдану Қазақстан Республикасының қылмыстық-іс жүргізу заңнамасымен белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

## **9-тарау. МЕМЛЕКЕТТІК БАҚЫЛАУДЫ, ЛИЦЕНЗИЯЛАУДЫ ЖӘНЕ АККРЕДИТТЕУДІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ КЕЗІНДЕ МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАР МЕН ЛАУАЗЫМДЫ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ**

### **42-бап. Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтары мен заңды мүдделерін заңсыз бұзғаны үшін жауапкершіліктің жалпы негіздері мен нысандары**

1. Осы Заңның 29-бабындағы 1-тармақпен белгіленген мемлекеттік әкімшілік етудің мақсатына қол жеткізбеуге алып келген мемлекеттік бақылауды, лицензиялауды және аккредиттеуді жүзеге асыру кезінде өз қызметтік міндеттіліктерін орындамаған немесе дұрыс орындамаған жағдайда, сондай-ақ заңға қарсы іс-әрекеттер (әрекетсіздік) жасаған жағдайда мемлекеттік органдар мен олардың лауазымды тұлғалары Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапкершілікте болады.

2. Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзуда кінәлі, мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғаларына қатысты қабылданған шаралар туралы мемлекеттік органдар бір ай ішінде құқықтары мен заңды мүдделері бұзылған жеке кәсіпкерлік субъектісіне хабарлауға міндетті.

3. Мемлекеттік органдар мен олардың лауазымды тұлғалары жеке кәсіпкерлік субъектісі туралы ақпаратты таратқаны үшін Қазақстан Республикасының заңнама актілерімен белгіленген жауапкершілікте болады, оның келісімінсіз ақпаратты тарату нәтижесінде жеке кәсіпкерлік субъектісіне келтірілген зиян өтеуге жатады.

### **43-бап. Жеке кәсіпкерлік қызметіне кедергі келтіргені үшін жауапкершілік**

1. Жеке кәсіпкерлік субъектісінің қызметін заңсыз тоқтататын мемлекеттік органдар мен олардың лауазымды тұлғаларының кез-келген іс-әрекеті (әрекетсіздігі) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен белгіленген жауапкершілікке алып келеді.

2. Жеке кәсіпкерлік субъектісінің қызметін күштеп тоқтату немесе тоқтата тұруды күштеп тоқтату немесе тоқтатыла тұруы олардың қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнама актілеріне сәйкес жүзеге асырылатын қаржы ұйымдарының кәсіпкерлік қызметін қоспағанда, бақылау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың өтініші бойынша сот жүргізеді.

3. Сот шешімінсіз шағын кәсіпкерлік субъектісінің қызметіне тыйым салу немесе

тоқтата тұру сотқа талап-арызда көрсетілген мерзімде міндетті түрде қоя отырып, 3 күннен аспайтын мерзімге Қазақстан Республикасының заңдарымен көзделген айрықша жағдайларда ғана жол берілуі мүмкін.

Бұл орайда, қызметті тоқтату немесе тоқтата тұру туралы бақылау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік органның актісі сот шешімін шығарғанға дейін жарамды.

4. Олардың кәсіпкерлік қызметіне заңсыз кедергі келтіру салдарынан жеке кәсіпкерлік субъектісі шеккен барлық шығындар мен шағын кәсіпкерлік субъектісіне келтірілген өзге де зиян өтеуге жатады.

#### **44-бап. Жеке кәсіпкерлік қызметін тексерудің белгіленген тәртібін бұзғаны үшін жауапкершілік**

1. Мемлекеттік органның немесе оның лауазымды тұлғасының кәсіпкерлік қызметі субъектісіне тексеру жүргізудің белгіленген тәртібін бұзған жағдайда (тексерісті негізсіз тағайындау, актіні шығармастан тексеру ісі және оны құқықтық статистика органында тіркеу, құжаттарды заңсыз алып қою, материалдық құндылықтарды заңсыз түгендеу, өндірісті тоқтата тұру, артық анықтамалар мен түсіндірулерді жасау, негізсіз сұрау салуларды қою және өзге жағдайларда) өтеуге қойылатын шығындардың көлеміне тексеру үшін материалдарды дайындағаны үшін кәсіпорындар қызметкерлеріне төленген сыйақы сомасы, өндірістің амалсыз тоқтауы уақыты үшін жалақы, өндірісті тоқтату салдарынан шығарылмаған тиісті тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) өткізу кезінде жеке кәсіпкерлік субъектісі алатын алынбаған п а й д а е н г і з і л у і м ү м к і н .

2. Заңнама актілерімен белгіленген тәртіппен заңсыз деп танылған мемлекеттік бақылауды жүргізу кезінде мемлекеттік органдар лауазымды тұлғаларының әрекетімен (әрекетсіздігімен) жеке кәсіпкерлік субъектісіне келтірілген зиян Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес өтеуге жатады.

### **10-тарау. ЖЕКЕ КӘСПКЕРЛІК СУБЪЕКТІЛЕРІНІҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ**

#### **45-бап. Жеке кәсіпкерлік субъектілері жауапкершілігінің жалпы жағдайы**

Жеке кәсіпкерлік субъектілері жеке және заңды тұлғалар мен мемлекеттің құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделерін сақтауға міндетті.

Келтірілген зиян үшін жеке кәсіпкерлік субъектісі Қазақстан Республикасының заңнама актілерімен көзделген жауапкершілікте болады.

#### **46-бап. Сертификаттау және сынақ зертханалары органдарының жауапкершілігі**

Сертификаттау және сынақ зертханалары органдары сертификаттау сынақтарын олардың жүзеге асыруы кезінде өз қызметтік міндеттемелерін орындамаған немесе дұрыс орындамаған жағдайда Қазақстан Республикасының заңнама актілеріне сәйкес жауапкершілікте болады.

#### **47-бап. Теріс пиғылды бәсеке үшін жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жауапкершілігі**

Жеке кәсіпкерлік субъектілері бәсекелестікті жою немесе шектеу жолымен кәсіпкерлік қызметінде негізсіз артықшылықтарды алуға бағытталған кез-келген іс-әрекет (әрекетсіздік) үшін Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген жауапкершілікте болады.

#### **48-бап. Зиян келтіргені және оны келтіру қатері үшін кәсіпкерлік субъектілерінің жауапкершілігі**

Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен жеке кәсіпкерлік субъектілеріне материалдық зиянды немесе осындай тауарларды отандық өндірушілерге оны келтіру қатерін жою үшін уақытша демпингке қарсы шаралар, демпингке қарсы баждар немесе бағалық міндеттемелер нысанында демпингтік бағалар бойынша тауар импортына қолданылатын әкімшілік-экономикалық әсер етудің құралдарының жиынтығы қолданылады.

#### **49-бап. Ішкі рынокты қорғау туралы заңнаманы бұзғаны үшін жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жауапкершілігі**

Заңнамамен белгіленген тәртіппен жеке кәсіпкерлік субъектілеріне отандық өндірушілерге осындай немесе тікелей бәсекелес тауарды келтіру қатері туындайтын немесе байыпты зиян келтірілген кезде осындай жағдайдағы (абсолюттік немесе салыстырмалы отандық өндірістегі) және осындай жағдайдағы оның ішкі рыноктағы еркін айналымы үшін Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін тауарды жеткізуге қорғаныс баждары және (немесе) квоталарды белгілеу түрінде әкімшілік-экономикалық әсер ету құралдарының жиынтығы қолданылады.

### **11-тарау. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

## **50-бап. Осы Заңды бұзғаны үшін жауапкершілік**

Осы Заңды бұзғаны үшін кінәлі тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнама актілерімен белгіленген тәртіппен жауапкершілікте болады.

## **51-бап. Осы Заңның орындалуына бақылау**

Осы Заңның орындалуына бақылауды мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасының заңнама актілеріне сәйкес олардың құзіретті шегінде жүзеге асырады.

## **52-бап. Қорытынды ережелер**

1. Осы Заң 2006 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

2. Осы заңның қолданысқа ену сәтінде күшіндегі Қазақстан Республикасының заңнамасы оған қайшы келмейтін бөлігінде қолданылады және 2007 жылдың 1 қаңтарына дейінгі мерзімде осы Заңға сәйкес келтірілуі тиіс.

3. Осы Заңның қолданысқа енгізілуі сәтінен бастап: жеке кәсіпкерлік субъектілеріне тексеру жүргізу және статистикалық есептілік беру мәселелерін реттейтін заңға бағынысты нормативтік-құқықтық актілерді басуға және мемлекеттік тіркеуге тыйым салынады.

## **53-бап. Қазақстан Республикасы кейбір заңдарының күшін жойды деп тану туралы**

2006 жылдың 1 қаңтарынан бастап Қазақстан Республикасының мынадай Заңдары күшін жойды деп танылсын:

1) "Жеке кәсіпкерлікті қорғау және қолдау туралы" Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 4 шілдедегі N 1543 Заңы (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., N 16, 424-құжат; 1995 ж., N 20, 120, 121-құжаттар; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 14, 274-құжат);

2) "Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 19 маусымдағы N 131-1 Заңы (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы; 1997 ж., N 12, 182-құжат; 1998 ж., N 17-18, 225-құжат; 1999 ж., N 21, 778-құжат; N 23, 931-құжат; 2001 ж., N 4, 23-құжат; N 8, 52-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 15, 150-құжат; 2003 ж., N 4, 26-құжат);

3) "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 19 маусымдағы N 135-1 Заңы (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 12, 185-құжат; N 22, 333-құжат; 1999 ж., N 23, 931-құжат).

Президенті

Қазақстан  
200\_жылғы  
заңына қосымша

Республикасының  
"\_\_" \_\_\_\_\_ N \_\_\_

## Мемлекеттік органдардың бақылау және қадағалау функцияларының тізбесі

### Зияткерлік меншік құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілетті орган

1. авторлық құқық және жанама құқықтардың, өнеркәсіптік меншік, селекциялық жетістіктер, интегралдық микросхемалардың топологиясы объектілерін пайдаланғаны үшін бақылау;

### Банктік операцияларды жүргізу жөніндегі уәкілетті орган

1. қаржы ұйымдарын және Қазақстан Республикасының заңнама талаптарын, оның ішінде, оларды реттеу оның құзіретіне жататын мәселелер бойынша Қазақстанның Ұлттық Банкінің нормативтік-құқықтық актілерін олардың сақтауы мәніне Қазақстан Республикасының аумағында валюта операцияларын және валюта құндылықтарын пайдаланумен байланысты қызметті жүзеге асыратын тұлғаларды бақылау;

2. Тұтастай алғанда олардың қызметін зерттеу жолымен немесе Қазақстанның Ұлттық Банкіне олар беретін есептер мен мәліметтердің шынайылығының жекелеген мәселелері бойынша олардың нақты қаржылық және институционалдық жай-күйі туралы деректерді белгілеу, сондай-ақ олар жүргізетін банктік операциялардың жекелеген түрлерінің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігін айқындау мақсатында Қазақстанның Ұлттық Банкісінің лицензиясы негізінде банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарды бақылау;

3. бухгалтерлік есепті жүргізу мен есептілікті жасақтауды автоматтандыру бойынша ақпараттық жүйелерге қойылатын талаптарды қаржы ұйымдарының сақтауын бақылау ;

4. Қазақстанның Ұлттық Банкінің лицензиясы негізінде банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын және уәкілетті органның реттеуі мен бақылауына жатпайтын ұйымдардың бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік пен бухгалтерлік есеп стандарттары туралы Қазақстанның Ұлттық Банкінің нормативтік-құқықтық актілері талаптарының сақталуын бақылау;

5. Қазақстанның Ұлттық Банкінің нормативтік-құқықтық актілерінде көзделген жағдайларда банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын банктер мен ұйымдардың үй-жайларының техникалық жарақтануы мен жабдықталуын алдын ала қарау ;

6. өз құзіреті шегінде әкімшілік заң бұзушылықтар туралы істерді қарау, олар

б о й ы н ш а

ш е ш і м д е р

қ а б ы л д а у ;

7. төлем жүйелерінің жұмыс істеуін бақылау;

**Инвестициялық міндеттемелерді орындауға уәкілетті орган**

1. инвестициялар жөніндегі уәкілетті орган жасасқан келісім-шарттардың шеңберінде инвестициялық міндеттемелерді орындауды бақылау;

**Банкроттық саладағы уәкілетті орган**

1. дәрменсіз қарызгерді болдырмаудың соттан тыс рәсіміндегі банкроттық (банкртерді және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын қоспағанда) рәсімдерді мемлекеттік бақылау, сондай-ақ дәрменсіз борышкерлерге қатысты рәсімдерді оңалтуды қолдану жөніндегі іс-шаралар;

2. банкроттық рәсімдердегі және оңалту мен конкурстық басқару қызметіндегі дәрменсіз банктер мен сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын тарататын тарату комиссияларының төрағаларын қоспағанда борышкерді соттан тыс рәсімдерде бақылау ;

3. жалған және қасақана банкроттық белгілерін анықтау;

**Қаржылық рынокты және қаржылық ұйымдарды реттеу жөніндегі уәкілетті орган**

1. Қазақстан Республикасының заңнама актілерінде көзделген жағдайларда рұқсат етулерді, келісімдерді береді және кері шақырады, сондай-ақ, оларды беру және беруден бас тарту тәртібін айқындайды;

2. Қазақстан Республикасының аумағында қаржы ұйымдарының, қаржы қызметтерін тұтынушылардың, басқа да жеке және заңды тұлғалардың орындауы үшін міндетті нормативтік-құқықтық актілерді басып шығарады;

3. қаржы ұйымдарының, оның ішінде, тұтастандырылған негізде, сондай-ақ кредиттік бюролар мен инвестициялық қорлардың қызметін реттеу және қадағалау;

4. салымдарды (депозиттерді) міндетті ұжымдық кепілдендірудің (сақтандырудың) т ә р т і б і н б е л г і л е у ;

5. Қазақстан Республикасының заңнама актілерінде көзделген жағдайларда қаржы ұйымдарының Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауын бақылау;

6. Қазақстан Республикасының заңнама актілерінде көзделген жағдайларда және шектерде, оның ішінде, өзге де ұйымдарды тарта отырып, кредиттік бюролардың, қаржы ұйымдары мен олардың біріктірілген тұлғаларының қызметін тексеру;

7. Қазақстан Республикасының заңнама актілерінде көзделген ықпал ету мен санкциялардың шектелген шараларын қаржы ұйымдарына қолдану тәртібін айқындау;

8. Қазақстан Республикасының заңнама актілерінде көзделген жағдайларда қаржы ұйымдарының тарату комиссияларының қызметін бақылау;

9. мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздардың шығарылуын мемлекеттік тіркеу, акцияларды шығару мен орналастырудың, облигацияларды орналастыру мен өтеудің және бағалы қағаздарды шығаруларды жоюдың қорытындылары туралы есептерді бекітеді және мемлекеттік бағалы қағаздарға ұлттық сәйкестендіру

н ө м і р л е р і н

б е р е д і ;

10. бағалы қағаздарды, оның ішінде, туынды бағалы қағаздарды шығару, орналастыру, олардың айналымы және өтелу жағдайы мен тәртібін, мемлекеттік бағалы қағаздарға ұлттық сәйкестендіру нөмірлерін беру тәртібін айқындау;

11. бағалы қағаздарды, оның ішінде, туынды бағалы қағаздарды шығаруды мемлекеттік тіркеудің, оларды орналастыру мен өтеудің, сондай-ақ оларды жоюдың қорытындылары туралы есептерді қараудың шарттары мен тәртібін белгілейді;

12. аттестаттауды жүргізу шарттары мен тәртібін айқындау және бағалы қағаздар рыногында жұмыс істеуге ниеттенген жеке тұлғаларға аттестаттау жүргізу, аттестаттаудан өткен тұлғаларға біліктілік куәлігін беру, біліктілік куәліктерінің иелеріне қайта аттестаттауды жүзеге асырады, біліктілік куәліктерінің күшін тоқтату және жаңғырту, біліктілік куәліктерін кері қайтарып алу;

13. бағалы қағаздар мен туынды бағалы қағаздарды орналастыру мен айналымын тоқтата тұру мен жаңғырту шарттары мен тәртібін айқындау;

14. бағалы қағаздар рыногында кәсіби қызметті жүзеге асырудың шарттары мен тәртібін, оның ішінде, бағалы қағаздармен операцияларды жасау шарттарына қойылатын талаптар мен тәртіпті белгілеу;

15. зейнетақы активтерін және институционалды инвесторларды инвестициялық басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың инвестициялық қызметін жүргізу тәртібін белгілеу;

16. бағалы қағаздармен сауда-саттықты ұйымдастырушылардың және өздігінен-өзі реттелетін ұйымдардың қызметін жүзеге асыру тәртібін белгілеу;

17. бағалы қағаздарға, оның ішінде, инсайдерлі ақпаратты немесе қызметтік, коммерциялық, банктік не өзге де заңмен қорғалатын құпияны құрайтын ақпаратты пайдалана отырып, бағалы қағаздар рыногында мәмілелерді жасаумен туынды бағалы қағаздарға бағалардың айла-шарғылығын бақылау;

18. Қазақстан Республикасының заңнама актілеріне және Қазақстан Республикасы Президентінің актілеріне сәйкес өзге де функцияларды жүзеге асыру.

### **Салық заңнамасы саласындағы уәкілетті орган**

1. бюджетке салықтардың және басқа міндетті төлемдердің түсуінің толықтығын, міндетті зейнетақылық жарналардың толықтығы мен уақытында аударылуын және Әлеуметтік сақтандырудың мемлекеттік қорына әлеуметтік бөліністерді қамтамасыз ету ;

2. фискальдік жады бар бақылау-кассалық машиналарды қолдану мен пайдалану тәртібін сақтауды бақылау ;

3. өз құзіреті шегінде этил спиртінің және ішімдік өнімдерінің, темекі өнімдері мен мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерінің өндірісі мен айналымын реттеу;

4. салық төлеушілердің қаржылық-шаруашылық қызметінің, мұнай өнімдерін өндірушілер қызметінің, мұнай жеткізушілерінің және базадан мұнай өнімдерін сатуды

жүзеге асыратын тұлғалардың, сондай-ақ темекі өнімдерін өндіретін тұлғалардың қызметінің мониторингі;

5. салықтық қарызды мәжбүрлеп алу жөніндегі жұмысты ұйымдастыру мен жүзеге асыру;

6. салықтардың, өсімпұлдар мен айыптардың аударылған сомалары бөлігінде, сондай-ақ "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының кодексінде (Салық кодексінде), белгіленген тәртіпте салық қызметі органдарының лауазымды тұлғаларының әрекеті (әрекетсіздігі) бөлігінде салықтық тексерулер актісі бойынша хабарламаға заңды және жеке тұлғалардың шағымдарын қарау;

7. салықтық түсімдердің және бюджетке басқа да міндетті төлемдердің толықтығын көздейтін заңнаманың сақталуын бақылау;

8. нормативтік құқықтық актілерде белгіленген құзыреті шегінде салықтық емес төлемдердің түсуін бақылау (мемлекеттік кәсіпорындар пайдалары үлестерінің түсімдерінен, мемлекеттік меншікке жататын акциялар пакетіне, "Байқоңыр" кешенін пайдаланғаны үшін жалдық ақыдан түсетін, республикалық мемлекеттік мүлікті жалдаудан және сатудан түсетін, мемлекеттік меншік объектілерін жекешелендіруден түсетін дивидендтерден, капиталмен операциялардан түсетін түсімдерден өзге);

9. трансферттік бағаларды қолдану кезінде мемлекеттік бақылау;

10. қолданыстағы заңнамаға сәйкес маркалауға жататын акциздік өнім бойынша акциздік алым маркаларының сақталуын, сатып алынуын және есебін, сондай-ақ есептік-бақылау маркаларын дайындауды, сақтауды, сатып алуды және есебін бақылау;

11. акциздік тауарлар өндірісін жүзеге асыратын ұйымдарда акциздік посттардың жұмысын бақылау;

12. этил спиртін, алкоголь өнімін және темекі өнімдерін өндіру және олардың айналымы саласында бақылау, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оларды бұзушыларға ықпал ету шараларын қабылдау;

13. өз құзыреті шегінде нормативтік құқықтық актілердің сақталуын бақылау;

14. мұнай өнімдерінің айналымын іліспе жүк құжаттары және мұнай өнімдерінің өндірісі мен айналымы жөніндегі декларациялары арқылы бақылау;

### **Кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті орган**

1. валюталық заңнаманың сақталуын бақылау;

2. Қазақстан Республикасы кеден органдары лауазымды тұлғаларының сыртқы экономикалық және өзге де қызметке қатысушыларды тексерулердің өндірісі, кеден ісі саласындағы қылмыстық істер мен әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша өндіріс кезіндегі заңдылықтың сақталуын бақылау;

3. тауарлар мен көлік құралдарын Қазақстан Республикасының кеден аумағы арқылы қозғалудың рұқсат беру тәртібін орындауды қамтамасыз ету;

4. кеден бақылауы аймағы режимінің сақталуын бақылау (өздігінен және басқа да құқық қорғау органдарымен іс-қимыл үшін), кеден инфрақұрылымы объектілерін қорғау жүйесін ұйымдастыру, сондай-ақ ұлттық қауіпсіздік органдарымен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік және кеден шекараларын қорғау жөніндегі шараларды жүзеге асыру ;

5. Қазақстан Республикасы үшін стратегиялық және басқа да өмірлік маңызды материалдарды, сондай-ақ мәдени құндылықтарды әкетуді бақылау;

6. тауарлардың кедендік құнын айқындаудың дұрыстығына бақылау жүйесін ұйымдастыру ;

7. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасында радиациялық бақылауды жүргізуді ұйымдастыру ;

8. өз құзіреті шегінде Қазақстан Республикасының кедендік және өзге де заңнамаларын сақтауды бақылау ;

9. кедендік ресімдеу және кедендік бақылау.

### **Монополиялық қызметті шектеу жөніндегі уәкілетті орган**

1. орталық уәкілетті орган: екі және одан да көп облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) аумағында қызметін жүзеге асыратын табиғи монополиялар субъектілерін, сондай-ақ табысы жылына үш жүз елу мың есептік көрсеткіштен асатын немесе табиғи монополиялар субъектілері қызметтерін (тауарларын, жұмыстарын) соңғы тұтынушылардың кемінде жиырма бес пайызының орналасқан жері (тұрғылықты жері) табиғи монополиялар субъектілері орналасқан ("Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабындағы 1-тармақтың 1) тармақшасы) облыстардан (республикалық маңызы бар қалалардан, астанадан) тысқары орналасқан табиғи монополиялар субъектілерін бақылау және реттеу .

2. облыстың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жергілікті уәкілетті органы :

1) егер иеліктен алынатын мүліктің не ағымдағы жыл басындағы бухгалтерлік теңгерімде нақтыланған өзге де мәмілелер жасалатын табиғи монополиялар субъектісі мүлкінің теңгерімдік құны олар тарифтердің (бағалардың, ставкалардың, алымдардың) жоғарлауына немесе табиғи монополиялар субъектілерінің реттелетін қызметтеріне олардың шекті деңгейіне, тұтынушылармен шарттардың бұзылуына, технологиялық жүйемен тікелей байланысты бұзуларға ұсынылатын реттемелі қызметтердің (шығарылатын тауарлардың, жұмыстардың) көлемін үзуге не айтарлықтай төмендетуге алып келмейтін жағдай кезінде ағымдағы жыл басындағы бухгалтерлік есепке сәйкес оның активтерінің теңгерімдік құнынан 0,05 пайыздан асатын болса табиғи монополиялар субъектісінің мүлкін иеліктен алынуын және (немесе) өзге де мәмілелердің жасалуына мемлекеттік бақылау;

2) табиғи монополия субъектісінің олар тасымалдайтын немесе беретін тауарларды

(жұмыстарды, қызметтерді) өздері тұтыну үшін емес сатып алынуын мемлекеттік бақылау ;

3) ағымдағы жыл басында бухгалтерлік теңгерімде нақтыланған теңгерімдік құны олар тарифтердің (бағалардың, ставкалардың, алымдардың) жоғарлауына немесе табиғи монополиялар субъектілерінің реттелетін қызметтеріне олардың шекті деңгейіне, тұтынушылармен шарттардың бұзылуына, технологиялық жүйемен тікелей байланысты бұзуларға, ұсынылатын реттемелі қызметтердің (шығарылатын тауарлардың, жұмыстардың) көлемін үзуге не айтарлықтай төмендетуге алып келмейтін жағдай кезінде ағымдағы жыл басындағы бухгалтерлік есепке сәйкес оның активтерінің теңгерімдік құнынан 0,05 пайыздан аспайтын реттелмелі қызметтер (тауарлар, жұмыстар) беру үшін пайдаланатын мүлікті табиғи монополия субъектісін жалдауға мемлекеттік бақылау ;

4) "Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен рұқсат етілген өзге де қызметті табиғи монополия субъектісінің жүзеге асыруын мемлекеттік бақылау ;

5) табиғи монополия субъектісінің акцияларды (үлестерді) сатып алуына, сондай-ақ ол үшін "Табиғи монополиялар туралы" Заңмен рұқсат етілген қызметті жүзеге асыратын коммерциялық ұйымдарда оның өзге де нысандармен қатысуын бақылау ;

6) табиғи монополиялар субъектісінің жарғылық капиталында дауыс беруші акциялардың (үлестердің) он пайызынан астамын жеке немесе заңды тұлғалардың (немесе тұлғалар топтарының) сатып алуын мемлекеттік бақылау ;

7) табиғи монополиялар субъектісінің сатып алуды жүзеге асыру кезінде мемлекеттік бақылау ;

8) табиғи монополия субъектісін қайта ұйымдастыруға және таратуға мемлекеттік бақылау ;

9) табиғи монополия субъектісінің тарифтік сметаны орындауын бақылау.

### **Мемлекеттік сатып алу процесін реттеу жөніндегі уәкілетті орган**

1. қаржылық есептіліктің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігіне және мемлекеттік қаржылық бақылау объектілері қызметінің тиімділігіне қаржылық бақылау ;

2. барлық меншік нысанындағы мемлекеттік органдардың және ұйымдардың тиісті бюджеттерге салықтық емес түсімдерді енгізудің толықтығы мен уақыттылығына қатысты мәселелер жөніндегі қызметін бақылау ;

3. Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасының сақталуын бақылау ;

### **Жекешелендіру саласын бақылау жөніндегі уәкілетті орган**

1. меншік объектілерін, сондай-ақ мемлекет меншік үлесін ие объектілерді басқару тиімділігінің мониторингін ұйымдастыру және жүргізу ;

2. стратегиялық маңызы бар экономиканың салаларында меншіктің мемлекеттік

мониторингін ұйымдастыру және жүргізу мен субъектілердің және мониторингке қатысушылардың әрекетін үйлестіру; меншіктің мемлекеттік мониторингінің бірыңғай электрондық базасын енгізу және оған мемлекеттік органдардың қол жетімділігін қ а м т а м а с ы з е т у ;

3. сатып алушылардың республикалық меншік объектілерін сатып алу-сату шарттарына сәйкес міндеттемелерді орындауын, сондай-ақ өзге де шарттық міндеттемелерді орындауын бақылау;

4. бақылау, оның ішінде сенімді басқарушыларды (концессионерлерді) олардың республикалық меншік объектілерімен сенімді басқармалардың (концессиялар) шарттарына сәйкес міндеттемелерді орындауы мәселелері жөніндегі тыңдауларын жүргізу;

### **Өнеркәсіп саласындағы уәкілетті орган**

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған номенклатура бойынша экспорттық бақылауға жататын өнімдердің транзитіне рұқсаттар беру және Қазақстан Республикасының экспорттық бақылау жүйесінің мемлекеттік органдарымен бірлесіп, экспорттық бақылауға жататын өнімдерді түсіру алды кезеңінде және ақырғы пайдалануда тексеруді жүзеге асыру;

### **Электр энергетикасы, сондай-ақ жер қойнауын пайдалану және қорғау саласындағы бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті орган**

1. атқарушы органдардың және жер қойнауын пайдаланушылардың жер қойнауы туралы заңнамасын және жер қойнауын пайдаланудың белгіленген тәртібін сақтауын бақылауды жүзеге асырады, оның ішінде келісім-шарт міндеттемелерін орындау, берілген лицензиялардың шарттарын сақтау бойынша бақылау;

2. Қазақстан Республикасының жер қойнауын зерделеу және пайдалану саласындағы қатынастарды мемлекеттік реттеу;

3. магистралдық құбыр өткізгіштер бойынша тасымалдаумен байланысты мұнай-газ инфрақұрылымдары объектілерін жоспарлау, жобалау, салу мәселелері бойынша бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;

4. магистральдық құбыр өткізгіштерін техникалық пайдалану, қауіпсіздігі мен қолданылуын бақылауды жүзеге асыру;

5. мұнай операцияларын жүргізуді, оның ішінде мұнай, газ және газ конденсатты кен орындарын әзірлеуді, мұнай мен газдың жер асты қоймаларының пайдалануға берілуін, көмірсутегі шикізатын алудың толықтығын бақылау;

6. электр энергетикасы және (немесе) меншік нысандарына қарамастан оның жекелеген бөліктерін сатып алу-сатуды, жалға беру немесе оған сенімді басқаруды к е л і с у ;

7. кейіннен мұнай мен газды сақтайтын және көліктің басқа түрлерімен тасымалдайтын, магистральдық мұнай құбырлары бойынша тасымалдаумен байланысты мұнай-газ көлік инфрақұрылымдарының объектілерін жоспарлау, жобалау,

салу мәселелері бойынша, сондай-ақ қолданыстағы мұнай-газ көлік инфрақұрылымдарының объектілерін пайдалану мәселелері бойынша мемлекеттік р е т т е у ;

8. жер орналастыру жобаларына келісу, кейіннен мұнай мен газды сақтайтын және көліктің басқа түрлерімен тасымалдайтын, магистральдық мұнай құбырлары бойынша тасымалдаумен байланысты мұнай-газ көлік инфрақұрылымдарының объектілерін салу үшін жер учаскесін бөлу кезінде қажетті қорытындылар беру;

9. Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің техникалық талаптарын және электр энергетикасы саласындағы қызметтің лицензияланатын түрлеріне қойылатын талаптардың орындалуын қадағалау, сондай-ақ электрлік және жылу энергиясын пайдалану ережелерінің сақталуын бақылау;

10. жер қойнауын пайдаланушылардың Қазақстан Республикасының жер қойнауы мен жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасын және жер қойнауын белгіленген т ә р т і п т е п а й д а л а н у ы н б а қ ы л а у ;

11. жер қойнауын пайдалану бойынша мемлекеттік мониторинг;

12. жер қойнауын пайдалану саласына жататын, кен орындарының бай учаскелерін таңдамалы өңдеуді болдырмайтын қорларды ашу, дайындау және алуды, жер қойнауын озбалы геологиялық зерттеудің толықтығын, өндіру бойынша операциялар жүргізу кезінде, сондай-ақ жер қойнауын пайдалану объектілерін консервациялау және жою кезінде жобалық шешімдердің сақталуын қамтамасыз ететін лицензиялық-бақылау ш а р т т а р д ы ң с а қ т а л у ы н б а қ ы л а у ;

13. пайдалы қазбалардың жер қойнауы қорларынан алынатын және онда қалдырылатын және өндіру кезіндегі олардың шығындары есебінің шынайылығын б а қ ы л а у ;

14. атом энергетикасын пайдаланумен байланысты қызметті реттейтін нормалар мен ережелерді белгілеу және қолдану;

15. атом энергиясын пайдалану саласындағы нормалар мен ережелердің сақталуын қ а д а ғ а л а у ;

16. өз құзіреттерін атқарумен байланысты инспекциялар жүргізу;

17. Қазақстан Республикасының аумағында радиациялық ахуалға мемлекеттік б а қ ы л а у ;

18. ядролық материалдар мен иондаушы сәулелену көздеріне мемлекеттік есеп және бақылау;

### **Көлік және коммуникациялар саласындағы уәкілетті орган**

1. жолаушылар мен жүктердің, оның ішінде қауіпті жүктер ережелерінің с а қ т а л у ы н а б а қ ы л а у ;

2. темір жол көліктеріндегі оның ішінде магистральдық, стансалық және кіре беріс темір жолдарындағы қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз етуді бақылау;

3. темір жол қозғалыс құрамының мемлекеттік тіркелуін бақылау;

4. кемемен жүзу және теңізде жүзу қауіпсіздігінің қамтамасыз етілуін бақылау;
5. өзендік және шағын кемелер мен оларға арналған база-тұрақтарды қауіпсіз пайдаланудың қамтамасыз етілуін бақылау;
6. автокөлік құралдары жүргізушілерінің жолаушылар мен жүктерді, оның ішінде қауіпті жүктерді тасымалдауды жүзеге асыру кезінде белгіленген еңбек және демалыс режимін сақтауын бақылау;
7. Қазақстан Республикасының автомобиль жолдары бойынша қозғалуға арналған автокөлік құралдарының рұқсат етілген параметрлерін сақтауын бақылау;
8. жолаушылар мен жүктерді, оның ішінде қауіпті жүктерді тасымалдау саласындағы автокөлік құралдарын пайдалану кезінде шығарындыдағы ластаушы заттар құрамының нормативтердің сақталуын бақылау;
9. уәкілетті органның аумақтық органдарының пайдалануда, қысқы тоқтап тұруда, жөндеуде тұрған теңіз кемелеріне, сондай-ақ жасалып жатқан кемелерге қарап шығуларды жүргізуді бақылау;
10. порт теңіз әкімшілігі жүргізетін теңіз кемелерін жіктеуді, тергеуді және апат жағдайларын есепке алуды бақылауды жүзеге асыру;
11. кеме экипаждарын жасақтауға қойылатын талаптардың сақталуын бақылау;
12. Қазақстан Республикасының кеме құрылысы мен кеме жөндеу кәсіпорындарына техникалық қадағалау және куәландыру жүргізу;
13. теңіз порттарының, жағалаудағы объектілердің, гидротехникалық құрылыстардың, жасанды аралдардың қызметін бақылау;
14. Мемлекеттік кеме тізілімін, Бербоут-Чартер тізілімін және кеме кітабын жүргізуді бақылауды уәкілетті орган жүзеге асырады;
15. кемеде кеме құжаттарының барын тексеру;
16. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеме тізілімінде немесе кеме кітабында мемлекеттік тіркеуге жататын кемеңің командалық құрамының адамдарының диплом алуын, сондай-ақ теңізшілерге паспорттар беруді бақылау;
17. заңды және жеке тұлғалардың әуе көлігінен өзге көліктің барлық түрлерінің жұмыс істеу тәртібін айқындайтын Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, халықаралық шарттарын сақтауын мемлекеттік бақылау және қадағалау, оларды бұзуларды айқындау және жолын кесу жөніндегі шараларды қабылдау;
18. авиациялық қызметтерден басқа көліктік қызметтер көрсету саласында лицензиялық ережелердің сақталуын мемлекеттік бақылау және қадағалау;
19. сауда бойынша теңізде жүзу мақсатында пайдаланатын кемелердің мемлекеттік тіркелуін бақылауды жүзеге асыру;
20. теңіз кемелері мен олардың жіктемелерінен техникалық қадағалау жүргізілуін мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;
21. ішкі су көлігінде лоцмандық қызмет және өзге де қызметтердің ішкі су жолдарында жүзу ережелерінің сақталуын мемлекеттік бақылау;

22. өзен және шағын көлемді кемелерді, шағын көлемді кемелер үшін база-тұрақтардың, порттардың, жағалаудағы объектілердің, суда жүзетін гидротехникалық құрылыстардың жіктемесі мен оларға техникалық қадағалауды жүзеге асыру ;

23. ішкі су жолдарындағы кемелерде пайдаланатын байланыс саласындағы ережелердің, нормалардың және стандарттардың орындалуын мемлекеттік бақылау;

24. техникалық пайдалану ережесі мен кемелердегі қызмет жарғысының сақталуын қадағалау ;

25. теңіз жолдарының, лоцмандық қызметтің және өзге де теңіз қызметтерінің жай-күйін мемлекеттік бақылау ;

26. тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын тасымалдаушының жасасуына мемлекеттік бақылау ;

27. жеке және заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының суда жүзу су жолдарын пайдалану мерзімдерін мемлекеттік бақылау;

28. Қазақстан Республикасының аумағында халықаралық автомобиль тасымалын ұйымдастыру кезінде рұқсат беру жүйесі талаптарының орындалуын мемлекеттік бақылау ;

29. Қазақстан Республикасының аумағы бойынша автокөлік құралдарының жүріп өтуін мемлекеттік бақылау ;

30. Қазақстан Республикасының тасымалдаушылары мен шетелдік мемлекеттер тасымалдаушыларының халықаралық автомобиль тасымалдарын орындау кезінде Қазақстан Республикасының автомобиль көлігі туралы заңнамасын сақтауын мемлекеттік бақылау ;

31. азаматтық әуе кемелерінің жаздық жарамдылығын бақылау;

32. ұшу қауіпсіздігі ережесінің, авиациялық қауіпсіздік ережесінің және азаматтық авиация саласындағы өзге де нормативтік құжаттардың сақталуын бақылау;

33. халықаралық әуе тасымалының жүзеге асырылуын бақылау;

34. аэродром аумағындағы объектілерді маркалаудың жүзеге асырылуын бақылау;

35. әуе кемесі жай-күйінің пайдаланушыға берілген жаздық жарамдылық сертификатының талаптарына сәйкестігін бақылау;

36. өз құзіреті шегінде Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясын заңсыз араласу актілерінен қорғауды қамтамасыз ететін заңдардың, ережелердің және рәсімдердің сақталуын бақылау ;

37. авиациялық техниканың ұшу қауіпсіздігі мен пайдалану қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша белгіленген талаптардың орындалуын бақылау, авиациялық оқиғалар мен қақтығыстардың алдын алу және оларды тергеуге қатысу, өз құзіреті шегінде әуе кемелерін пайдаланушылардың, әуежайлардың (аэродромдардың) және азаматтық пен сынақтық авиацияның басқа да ұйымдарының, сондай-ақ авиациялық

- қызметшілердің қызметтеріне инспекторлық тексерулер жүргізу;
38. авиация саласында сертификаттау талаптарының сақталуын бақылау;
39. ұшу қауіпсіздігіне қатер төндіруі мүмкін қызметтің жүзеге асырылуын бақылау;
40. өз құзіреті шегінде автомобиль жолдарын пайдалану ережелерінің сақталуын  
б а қ ы л а у ;
41. жобалау саласында қабылданған нормалар мен стандарттар талаптарының сақталуын бақылау автомобиль жолдарын салу, қайта жаңалау, жөндеу және ұстау кезінде талап етілетін сапаны қамтамасыз ету;
42. өз құзіреті шегінде магистралдық теміржол желілеріне кемсітушіліксіз енуге және бәсекелес кіреберіс жолдары жоқ кіреберіс жолдарының қызмет көрсетуін  
б а қ ы л а у д ы ж ү з е г е а с ы р у ;
43. тасымалдаушылардың темір жол көліктерінде жолаушылар мен жүк бағаждарын тасымалдау ережесінің сақталуын мемлекеттік бақылау;
44. тасымалдаушылардың жүктерді тасымалдау ережесін сақтауын мемлекеттік  
б а қ ы л а у ;
45. заңды және жеке тұлғалардың темір жол көлігінде қауіпсіздік қозғалысының талаптарын сақтауын мемлекеттік бақылау;
46. тасымалдаушылардың жолаушылар мен бағаждарды тасымалдау ережесін сақтауын мемлекеттік бақылау;
47. тасымалдаушылардың халықаралық қатынастарда тез бұзылатын жүктерді тасымалдауды орындайтын қозғалмалы құрамға қойылатын талаптарды сақтауын  
б а қ ы л а у ;
48. Қазақстан Республикасының тасымалдаушылары мен шетел мемлекеттері тасымалдаушыларының автокөлік құралдары жүргізушілерінің еңбегі мен демалысы режимін сақтауын мемлекеттік бақылау;

### **Байланыс саласындағы уәкілетті орган**

1. Қазақстан Республикасының байланыс саласындағы, ақпараттандыру туралы және электрондық құжат пен электрондық цифрлік қол қою туралы заңнамасының сақталуын мемлекеттік бақылау;
2. белгіленген заңнамалық тәртіпте радиожилік спектрін пайдалануға мемлекеттік  
б а қ ы л а у ;
3. лицензиаттың белгіленген заңнамалық тәртіпте лицензия әрекетінің шарттарының сақталуын мемлекеттік бақылау;
4. Интернет желісінде қазақстандық бөліктің мекен-жай кеңістігін бөлу бойынша жұмыстарды ұйымдастыру және оны бөлу тәртібін айқындау;
5. фискальдық жады бар бақылау-кассалық машиналардың мемлекеттік тізіліміне (нен) компьютерлік жүйелерді енгізу (шығару) үшін қорытынды беру тәртібін айқындау  
ж ә н е б е р у ;
6. мемлекеттік ақпараттық ресурстарды және ақпараттық жүйелерді тіркеу,

ақпараттық ресурстарға және ақпараттық жүйелерге мемлекеттік тіркелім жүргізу;

7. лицензиялау, электрондық құжат және электрондық цифрлік қол қою саласындағы заңнаманың сақталуын бақылау;

8. байланыс саласындағы, ақпараттандыру туралы және электрондық құжат пен электрондық цифрлік қол қою саласында мемлекеттік техникалық қадағалау және бақылау ;

9. ақпараттандыру құралдарын пайдалануда қабылдап алу жөніндегі іс-шараларға қатысу ;

10. мемлекеттік ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелерді әзірлеу, қабылдап алу, қамтамасыз ету және дамыту регламентін айқындау;

11. ақпараттандыру саласындағы объектілерді жекешелендіру мәселелерін шешуге қатысу ;

12. ақпараттық жүйелердің депозитарийін жүргізу және депозитарийде ақпараттық жүйелерді тіркеудің тәртібін айқындау;

13. куәландырушы орталық туралы бірыңғай ережені әзірлеу және куәландырушы орталықтар мен электрондық құжат айналымы жүйесіне қатысушылардың тіркеу куәлігін беру тәртібін айқындау.

#### **Сауда саласындағы уәкілетті орган**

1. қорғау, демпингке қарсы және өтеу шараларын енгізу алдында бақылау және талқылаулар жүргізу ;

2. республикалық бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын туристік іс-шараларды ұйымдастыруға және өткізуге бақылау;

3. туристік ұйымдардың туроператорлар мен турагенттердің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарттарын жасасу жөніндегі олардың қызметін бақылау ;

4. туристерді қорғау мен қауіпсіздік шараларын қамтамасыз ету жөніндегі туристік ұйымдардың қызметін бақылау;

#### **Ауыл шаруашылығы саласындағы уәкілетті орган**

1. ауыл, балық және су шаруашылығы саласындағы, өсімдік және жануарлар әлемін молықтыру және пайдалануды, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды қорғау және ауыл аумақтарын дамыту, жер бөлу, тұқым себу және астық рыногын реттеу, өсімдіктерді қорғау және олардың карантині, ветеринария, сусындарды (алкогольді өнімдерден және этил спиртінен басқа), терілерді (илеу және өңдеу) мақта-талшықты және жүнді қайта өңдеуді, ауыл шаруашылығының машина жасауын (іріден басқа) қоса алғанда, тағам өнімдерін өндіру бөліміндегі өңдеуші өнеркәсіптер, агроөнеркәсіп кешенін техникалық жасақтау, мал шаруашылығы, мелиорация, ирригация және құрғату, ауыл шаруашылығы ғылымдары мәселелері саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасын қадағалауды мемлекеттік бақылау.

## **Бәсекелестікті қорғау жөніндегі уәкілетті орган**

1. тұтынушылармен тауар рыногында басым (монополиялық) үлеске ие рынок субъектілерімен жасалған шарттарды қоспағанда, рынок субъектілерін және олардың бірлестіктерін құру, қайта құру, тарату кезінде Қазақстан Республикасының монополияларға қарсы заңнамасының қадағалауын мемлекеттік бақылау;
2. басым (монополиялық) үлеске ие рынок субъектілері басшыларының директорлар кеңесінде және өзге бәсекелесуші құрылымдардағы басқару органдарында қатысушылықтарын мемлекеттік бақылау;
3. баға жөнінде сөз байласу, баға кемсітушілік және үстеме пайда алу монополиялық жоғарғы (төменгі) бағаларды қолдану, сондай-ақ олар монополияға қарсы заңнаманың талаптарын бұзушылықтар нәтижелерінде тауар рыногында басым (монополиялық) үлеске ие рынок субъектілерінің тауарларға (жұмыстарға, қызметтерге) арналған бағаларын мемлекеттік реттеуді енгізу мақсатында монополияға қарсы заңнамаға сәйкес баға белгілеу тәртібін қадағалауды мемлекеттік бақылау;
4. мемлекеттік мекемелердің, мемлекеттік кәсіпорындардың қызметін және ақылы қызметтер көрсету тәртібін мемлекеттік бақылау және табиғи монополияларға жатпайтын мемлекеттік кәсіпорындар өндіретін тауарларға (жұмыстарға, қызметтерге) арналған бағаларды мемлекеттік реттеуді жүзеге асыру;
5. монополияға қарсы заңнама бұзушылық мәселелері бойынша заңды және жеке тұлғалардың қызметтерін тексеру;
6. Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңнамасын бұзушылықтар туралы істерін қарау және олар бойынша шешімдер қабылдау;
7. рынок субъектілерінің жарғылық капиталында және басқа жағдайларда акциялар (үлестер, пайлар) сатып алу кезіндегі Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңнамасының сақталуын бақылау;

## **Техникалық реттеу және метрология саласындағы уәкілетті орган**

1. мемлекеттік бақылау үшін өнімдердің сынамаларын және үлгілерін шығындалған үлгілердің және сынақтар (талдаулар, өлшеулер) өткізуге кеткен шығындардың құнын бюджет қаражаты есебіне жатқыза отырып, іріктеу;
2. егер де мұндай құжаттарды қолдану техникалық реттеу саласындағы тиісті нормативтік құқықтық актілермен көзделген болса, өнімдерді өткізу кезеңінде өнімдерді дайындаушылардың (орындаушылардың), сатушылардың өнімдерді техникалық реттеу саласындағы белгіленген нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкестігін растайтын сәйкестік туралы декларация немесе сәйкестік сертификатын немесе олардың көшірмелерін талап ету;
3. дайын өнімнің техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкес еместігі белгілі болған жағдайда өмір циклінің кез келген кезеңіндегі сәйкессіздік себептерін тексеруді ұйымдастыру;
4. аккредиттелген органдардың сәйкестікті растау жөніндегі қызметін, заңды

тұлғалардың сынақ зертханаларының (орталықтарының) өлшем құралдарын салыстырып тексеру және калибрлеу құқығына, метрологиялық қызметтерін мемлекеттік

бақылау;

5. мыналарға:

- өлшем құралдарын шығаруды, жай-күйін және қолданылуын, өлшеулерді орындау әдістемелерін, шама бірліктері эталондарымен қолдануды, метрологиялық ережелерді және нормаларды сақтауға;

- сауда операцияларын жасау кезінде иеліктен айрылатын тауарлар санын;

- өлшеп орау, сату және импорт кезіндегі оралған кез келген түрдегі орамдағы тауарлардың санын мемлекеттік метрологиялық қадағалау;

6. заңды тұлғаларды сәйкестікті растау жөніндегі жұмысты жүргізу құқығын және заңды тұлғалардың метрологиялық қызметтерін сынақ зертханаларының (орталықтарының) өлшем бірліктерін тексеру және калибрлеу құқығын аккредиттеу;

7. сәйкестікті, аккредиттеуді, стандарттауды және метрологияларды растау жөнінде сарапшылар-аудиторлар ретінде мамандарды аттестациялау.

**Қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды пайдалану жөніндегі уәкілетті органдар**

1. өз құзіреті шегінде қоршаған ортаны және табиғи ресурстарды қорғау саласында, меншік нысанына қарамастан мемлекеттік органдардың, шаруашылық субъектілердің табиғатты қорғау заңнамасын сақтауына және орындалуына мемлекеттік бақылауды ұйымдастыру;

2. экология-сараптамалық қызметті үйлестіру;

3. экологиялық сақтандыру тетіктерін жетілдіру, қоршаған ортаға келтіретін тәуекел мен шығынды бағалаудың әдіснамасын айқындау;

4. қоршаған ортаға ластаушы заттардың тастандысына және шығарындысына, өндіріс пен тұтынудың қалдықтарын орналастыруға лимиттер мен квоталар белгілеу;

5. атмосфераға рұқсат етілетін тастандыны, жер беті және жер асты суларына шығарындыны, жергілікті рельеф пен жер қойнауында зиянды заттарды көму және қалдықтарды орналастыруды рұқсат етілген көлемін қоса алғанда, қоршаған ортаға ықпал ету нормативтерін әзірлеу;

6. қоршаған ортаны ластауға оның ішінде атмосфераға тастандылар, жер үсті және жер асты суларына шығарындылар, жергілікті рельеф пен жер қойнауында зиянды заттарды көму мен қалдықтарды орналастыруға төлем нормативтерін әзірлеу;

7. табиғатты пайдалануға рұқсаттарды беруді, есепке алуды және жоюды ұйымдастыру және жүзеге асыру;

8. меншік нысанына қарамастан мемлекеттік органдардың, шаруашылық субъектілерінің табиғатты қорғау заңнамасын сақтауын және орындауын бақылау;

9. қоршаған ортаны және табиғи ресурстарды қорғау саласында, табиғи ресурстардың мемлекеттік кадастрлары мен есебін жүргізу кезінде экологиялық

талаптарды сақтауы бөлігінде мемлекеттік бақылау;

10. атмосфералық ауаны қорғау, ластаудың тұрақты және жылжымалы көздерінен шығарындылар нормалары, атмосфераны жасанды өзгерту жөніндегі әрекеттер жүргізу кезіндегі шектеулер бойынша экологиялық талаптардың орындалуын бақылау;

11. өсімдік, минеральдық тыңайтқыштар мен басқа да химиялық және биологиялық заттар, сондай-ақ өнеркәсіптік, тұрмыстық және өзге де қалдықтарды қорғау құралдарын өндіру, қолдану, сақтау, тасымалдау, кәдеге жарату, зарарсыздандыру және көму бойынша белгіленген нормалар мен ережелердің сақталуын бақылау;

12. жануарлар мен өсімдіктер әлемін қорғау, молықтыру және пайдалану саласындағы экологиялық талаптардың сақталуын бақылау, мемлекеттік табиғи-қорық қорының объектілерін сақтау;

13. жердің жай-күйіне кері әсер ететін шаруашылық және өзге де қызметтерге қойылатын экологиялық талаптардың сақталуын бақылау;

14. тозған жерді қалпына келтіруді, олардың құнарлылығы мен жердің өзге де пайдалы сипаттамасын қалпына келтіру және оны шаруашылық айналымына уақытылы тартуды қамтамасыз етуіне бақылау;

15. жердің бұзылуымен байланысты жұмыстарды жүргізу кезінде топырақтың құнарлы қабатының алынуын, сақталуын және пайдалануын бақылау;

16. кәсіпорындар мен ведомстволардың талдамалық қызметтерінің өндірістік экологиялық бағдарламаларын орындауын бақылау;

17. жаңа және қайта жанартылатын ғимараттарды, құрылыстарды, имараттар мен басқа да объектілерді орналастыру және пайдалануға беру кезінде экологиялық талаптардың қамтамасыз етілуін бақылау;

18. пайдалы қазбалардың өндірістік қорларын әзірлеу шамасы бойынша босатылатын немесе процестер мен жұмыстардан басқа да бұзылған жерлерді мақсатына сәйкес оларды одан әрі пайдалануға жарамды жай-күйге келтіруді бақылау;

19. өндіріс және тұтыну қалдықтарын пайдалану, сақтау, тасымалдау, орналастыру, сондай-ақ уытты материалдар мен заттарды, оның ішінде биологиялық, қауіпті қалдықтар мен химияландыру заттарын тасымалдау кезінде экологиялық талаптардың орындалуын бақылау;

20. зиянды (ластайтын) тастандылар, шығарындыларға рұқсаттарда белгіленген шарттардың орындалуын және орналасуын бақылау;

21. зиянды (ластайтын) заттардың тастандысының, лақтырындысының тұрақты көздері бар және өндіріс пен тұтыну қалдықтарын құрайтын объектілердің санитарлық-қорғау режимді сақтауын бақылау;

22. суды тұтыну және суды бөлу лимиттері (нормалары) мен ережелерінің, сондай-ақ суды пайдалану режимінің, ағынды суларды шығару тәртібі мен шарттарының сақталуын бақылау;

23. суларды тиімді пайдалану және ластанудан, бітелуден және таусылудан қорғау жөніндегі экологиялық талаптардың сақталуын бақылау;

24. заңнамада белгіленген жер қойнауын қорғау жөніндегі талаптардың, ережелердің және нормалардың сақталуын, қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша жер қойнауын пайдаланудың барлық кезеңдерінде келісім-шарт жағдайларының орындалуын бақылау;

25. жер қойнауын пайдалану объектілерін жою және консервациялау жөніндегі ережелердің сақталуын бақылау;

26. жер қойнауын барлау, өндіру, сондай-ақ өндірумен байланысты емес жер асты құрылыстарын салу және пайдалану кезінде қауіпті техногендік процестер көрінісінен сақтайтын экологиялық талаптарға және нормативтерге сәйкес жер қойнауының пайдаланылуын бақылау;

27. минеральдық шикізатты өндіру және қайта өңдеу кезінде қоршаған ортаны қорғау мәселелер бойынша жобалық шешімдердің сақталуын бақылау;

28. жер қойнауын пайдалану бойынша, әсіресе мұнайды, газды және басқа да заттар мен материалдарды жер астында сақтау, зиянды заттар мен қалдықтарды көму, ағынды суларды шығару кезінде операцияларды жүргізуде жер қойнауын ластануының алдын алуын бақылау;

29. қоршаған орта объектілерін радиоактивтік заттардың ластауын алдын алу және рұқсат беру күшінің шарттары бойынша жобалық шешімдердің орындалуын бақылау;

30. қоршаған ортаға радионуклидтің тастанды және шығарынды алдында тазартқыш құрылыстар жұмысының технологиялық регламенттерінің сақталуын бақылау;

31. су жиналу алаңдары мен жер асты суларының тұну орындарында олардың жинақталуын болдырмау мақсатында өнеркәсіптік және тұрмыстық қалдықтарды қоймалау және орналастыру кезінде экологиялық талаптардың қамтамасыз етілуін бақылау;

32. заңнамада белгіленген лицензиялық ережелер мен нормалардың, оның ішінде егер бұл әрекетте қылмыстық жазаланатын әрекет белгілер болса, лицензияланатын қызмет түрлеріне қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігін бақылау;

### **Жер ресурстарын басқару жөніндегі уәкілетті орган**

1. жерлерді пайдалануға және қорғауға мемлекеттік бақылау және заң бұзушылықтарды жоюға шаралар қабылдау;

2. мемлекеттік геодезиялық бақылауды, топографтық-геодезиялық және картографиялық қызметті лицензиялау және есебі;

3. геодезиялық пункттердің сақталуын қамтамасыз етуді бақылау;

4. Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын дұрыс бейнелеуге және әкімшілік-аймақтық бірлік шекараларын жергілікті жерге және картографиялық материалдарда оларды бейнелеуге бақылау.

## **Білім беру саласындағы уәкілетті орган**

1. білім беру қызметін жүзеге асыратын заңды тұлғалардың лицензиялық ережелерді сақтауын мемлекеттік бақылау;
2. Қазақстан Республикасының білім беру және ғылым, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары саласындағы заңнамасының орындалуын мемлекеттік бақылау ;
3. білім беру ұйымдарында аралық мемлекеттік бақылау;
4. бірыңғай ұлттық тестілеуді ұйымдастыру және жүргізу;
5. ғылыми ұйымдар мен жоғары кәсіптік білім және жоғары оқу орынынан кейінгі кәсіптік білім беретін ұйымдарға, сондай-ақ республикалық бюджеттен қаржыландырылатын және орта кәсіптік білім беру бағдарламасы мен мамандандырылған білім беру бағдарламасын іске асыратын білім беру ұйымдарын аттестаттау ;
6. мемлекеттік емес ғылыми ұйымдар мен жоғары кәсіптік және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім беретін ұйымдарды, білім беру ұйымдарын аккредиттеу;
7. оқушыларды қорытынды мемлекеттік аттестаттау ұйымдастыру және жүргізу;

## **Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган**

1. мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық бақылау;
2. халықты жұқпалы ауруларға қарсы алдын ала егуді ұйымдастыруды және өткізуді бақылау ;
3. санитарлық ережелерге және гигиеналық нормативтерге сәйкестігі (сәйкес еместігі) туралы санитарлық-эпидемиологиялық қорытындылар беру;
4. санитарлық-гигиеналық мақсаттағы өнімдердің өндірісі мен қауіпсіздігін мемлекеттік бақылау ;
5. дәрілік заттардың қауіпсіздігін, тиімділігін және сапасын бақылау;
6. дәрілік заттардың айналымы саласындағы заңды және жеке тұлғалардың фармацевтік қызметін бақылау ;
7. дәрілік заттардың айналымы саласында дәріханалық және басқа да практикалардың халықаралық стандарттарын енгізу бойынша шаралар қабылдау;
8. медициналық көмек көрсетудің барлық деңгейлерінде дәрілік заттардың тиімді пайдаланылуын бақылау ;
9. көрсетілетін медициналық көмектің көлемі мен сапасын денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен стандарттарға сәйкестігін бақылау;
10. лицензиясы бар медициналық көмек түрлерінің сәйкестігін айқындау;
11. медициналық қызметкерлердің біліктілік деңгейінің салалық нормативтердің талаптарына сәйкестігін, медициналық ұйымдардың медициналық жабдықтармен, медициналық мақсаттағы бұйымдармен белгіленген нормативтерге сай толығын бақылау ;

12. азаматтардың көрсетілетін медициналық көмек пен медициналық қызметтердің деңгейі мен сапасына қанағаттанушылық деңгейін айқындау;

13. медициналық көмек, медициналық қызмет сапасымен байланысты проблемаларды айқындау және медициналық қызметтердің сапасын арттыру жөнінде шаралар әзірлеу бойынша жұмыстарды жүзеге асыру;

14. тәуелсіз сарапшыларды аккредиттеу және тәуелсіз сарапшылыққа тарту үшін кәсібі сәйкес келетін мамандардан деректер банкісін қалыптастыру;

15. санитарлық-гигиеналық, эпидемияға қарсы ұйымдарды, сондай-ақ дәрілік заттардың айналымы саласында жұмыс істейтін ұйымдарды қоспағанда, меншік нысанына ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, заңдар және жеке тұлғаларды аккредиттеу;

16. санитарлық-гигиеналық, эпидемияға қарсы ұйымдарды, сондай-ақ дәрілік заттардың айналымы саласында жұмыс істейтін ұйымдарды қоспағанда, денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдар басшыларының және денсаулық сақтаудың мемлекеттік ұйымдары басшыларының кәсіби біліктілігін аттестаттау.

### **Бұқаралық ақпарат құралдарын бақылау жөніндегі уәкілетті орган**

1. бұқаралық ақпарат құралдары арқылы таралатын жарнамаларға қатысты бақылау;

2. баспалық және полиграфиялық қызмет саласындағы баспалық өнімдердің сапасын қадағалауды бақылау;

3. жергілікті атқарушы органдардың Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы заңнамасын қадағалауды бақылауды жүзеге асыру мәніндегі қызметін үйлестіру;

### **Спорт саласындағы уәкілетті орган**

1. спорттық объектілерді пайдалануға беру, техникалық қызмет көрсету ережелерін қадағалауды бақылау;

### **Әлеуметтік-мәдени қатынастар саласындағы уәкілетті орган**

1. меншік нысанына қарамастан ұйымдарда қолдану бойынша тілдер туралы заңнаманың сақталуын бақылау;

2. жеке мұрағаттардың Қазақстан Республикасының Ұлттық мұрағат қорының құрамына жатқызылған құжаттарды сапалы толтыруын және сақталуын қамтамасыз етуді бақылау;

### **Туризм саласындағы уәкілетті орган**

1. республикалық бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын туристік іс-шараларды ұйымдастыруды және жүргізуді бақылау;

2. туристік ұйымдардың олардың туроператордың және турагенттің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарттарын жасасуы

жөнiндегi қызметiн бақылау;

3. заңды тұлғалардың қорғау және туристердiң қауiпсiздiгi шараларын қамтамасыз ету жөнiндегi қызметiн бақылау.

### **Төтенше жағдайлар саласындағы уәкiлеттi орган**

1. табиғи және техногендiк сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оны болдырмау, Азаматтық қорғаныс, қызметтiң барлық салаларындағы өнеркәсiптiк және өрт қауiпсiздiгi саласындағы бақылау;

2. қызметi үшіншi адамдарға зиян келтiру қауiпiмен байланысты объектiлер иелерiнiң азаматтық-сақтандыру жауапкершiлiгiн мiндеттi сақтандыру шарттарын жасасуды бақылау;

3. дайындаушы-зауыттардағы, жөндеу кәсiпорындарындағы және машиналарды, тетiктердi, жабдықтарды пайдалануға беру кезiндегi олардың өрт және өнеркәсiп қауiпсiздiгiнiң талаптарына сәйкестiгiн бақылау;

4. технологияларды, машиналарды, тетiктердi және басқа бұйымдарды (оның iшiнде импортты) әзiрлеуге, дайындауға, сынауға және қолдануға қорытындылар, рұқсаттар беру;

5. өнеркәсiп объектiлерiн пайдалануға қабылдау ережелерiн қадағалауды бақылау;

6. апаттардың алдын алу, оларды болдырмауға дайындық бойынша iс-шараларды бақылау;

7. жобалық ұйымдардың өнеркәсiптiк және өрт қауiпсiздiгiнiң талаптарын қадағалауды бақылау;

8. әскерилендiрiлген тау-құтқару, фонтанға қарсы, газдан құратын қызметтердiң, өрт бөлiмдерiнiң және басқа құтқару құрамаларының өз функцияларын орындауға дайындығын бақылау;

9. қауiпсiздiгi жоғары өнiмдердi сертификаттау ережелерiн, Аттестатқа сәйкестiктi ұйымдастыруды бақылау;

10. қауiпсiздiгi жоғары жұмысқа жiберуге құқықтары мен жауапкершiлiгiнiң барын бақылау;

11. өнеркәсiп және өрт қауiпсiздiгi ережелерi мен нормаларын бiлудi тексеру.